



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№21 (1803)
22 мамыр
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Әлемдік әдебиет алыбы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Танып-біліп өзімізді өзгеден, біз көшеміз өзімізге бет алып: Олжас және мәдениеттерді жақындас-тыру» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Алқалы жиын көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 85 жылдық мерейтойына арналды. Оған Қазақстан және алыс-жақын шетелдердің мемлекет және қоғам қайраткерлері, ЖОО басшылары мен ғалымдары, БАҚ өкілдері қатысты.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев Олжас Омарұлын мерейлі жасымен құттықтай отырып, ақынның шығармашылығы мен әлемдік мәдениетке қосқан үлесі жайында ой толғады. Дара тұлғаның өз өлендері арқылы әлемдік руханият ауқымын қамтып, халықаралық мінберлерде адамзатқа ортақ мәселелерді көтергенін атап өтті. Өз сөзінде ректор: «Әлем азаматы деңгейіне көтеріліп, рухты жырларыңызбен миллиондаған



оқырманның жүрегіне жол тап-тыңыз», – дей келе, Францияның экс-президенті Жак Ширактың Елбасымен кездесуінде ақын өлеңін оқып, қазақ халқына айрықша құрмет көрсеткенін еске алды.

ЖОО басшысы жаңашылдығымен дараланатын ақын шығармаларының тереңіне үңілді. Әлемдік әдебиетте Олжас Сүлейменовтің рухани феноменіне қызығушылық жоғары екенін айта отырып, Сорбонна профессоры Леон Робельдің пікірімен бөлісті.

– Француз жазушысы «Қыш кітабы» поэмасының аудармасын ұсына келе: «Олжас Сүлейменовке мәдениеттер бауырластығы және халықтардың рухани өзара даму

идеясы бұрыннан жақын. Оның пікірінше, жазудың, тілдердің және аңыздардың құпиясын ашу бізге адамзат тарихына басқаша қарауға көмектеседі. Біздің ыдыраған әлем мұндай қуатты үнді көптен бері естімеді – Олжас Сүлейменовті Гилгамеш, Гюго, Хлебников сынды ұлылардың мұрагері немесе ізбасары ретінде мойындаймыз», – деген болатын, – дей келе, ректор қоғам қайраткерінің тәуелсіз мемлекетіміздің нығаюына қосқан үлесіне кеңінен тоқталды.

Қарашаңырақта ақын атындағы аудитория мен мұражай ашылды.

Әйгерім
ӘЛІМБЕКОВА

«Болашақпен» тағы төрт елде оқуға болады

Білім және ғылым министрлігінің хабарлауынша, Қазақстанда «Болашақ» білім беру бағдарламасы аясында студенттерді оқыту ауқымы төрт елге кеңейтілді. Олардың қатарына Австрия, Чехия, Ирландия және Оңтүстік Африка кірді. Сондай-ақ тізімге Гонконг (Қытай) қосылды. Осылайша енді қазақстандықтар «Болашақ» бағдарламасы бойынша 27 елде оқи алады.

Естеріңізге сала кетейік, биыл өтінімдерді қабылдау 4 мамырда басталып, 27 қазанға дейін жалғасады. Бүгінгі таңда қазақстандықтардан 158 өтініш келіп түскен.

Әлемдік пандемияға қарамастан, Халықаралық бағдарламалар орталығы қазақстандықтар білім ала алатын шетелдік жоғары оқу орындарының санын ұлғайтты. Егер өткен жылы олардың саны 138 болса, 2021-23 жылдары 207 жоғары оқу орны қазақстандық

азаматтарды оқуға қабылдауға дайын.

Бұл ретте жоғары оқу орындарын іріктеу талаптары да күшейтіліп отыр. Мәселен, ЖОО үш халықаралық академиялық рейтингке кіруі тиіс.

Стипендияларды тағайындау жүйесіне де өзгерістер енгізіліп жатыр. Ол үш кезеңнен тұрады: маусым айында – 90, тамызда – 170 және қарашада 125 стипендия бөлінеді. Бұл стипендияны осы кезеңге



берілген өтінімдерге сәйкес біркелкі бөлуге мүмкіндік береді.

2021 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға 1055 стипендия бөлінді. Оның 555-і магистратура, резидентура, докторантура және тағылымдама бағдарламалары бойынша бөлінеді. Тағы 500 стипендияны отандық ғалымдар алады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сұранысқа ие жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі нәтижесі бойынша қазақстандық білім ордаларының арасында үлкен айырмашылықпен алға шығып, көш бастады.

ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГТЕ КӨШ БАСТАДЫҚ



Академиялық талдау және жоғары сапа обсерваториясының (IREG) халықаралық аккредитациясын иеленген Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі (IAAR) Қазақстан Республикасының сұранысқа ие ЖОО-лары – 2021 ұлттық рейтингінің қорытындысын шығарып, еліміздің үздік университеттерін анықтады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ рейтингте ең жоғары балл жинап, жетекші орынды иеленді. Бұл – ҚазҰУ-дың білім беру қызметтері нарығындағы жоғары сұранысқа ие болуы мен бәсекеге қабілеттілігінің айқын көрінісі.

IAAR рейтингтің басымдыққа ие индикаторлары мен көпфакторлы әдістемесіне сүйене отырып, қазақстандық жоғары оқу орындарына өз білім беру бағдарламаларының сұраныс деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ЖОО-ның сапалы жұмыс істеуіне ықпал етіп, ең бастысы, талантты талапкерлерді тарту және жұмыс берушілер мен бизнес өкілдері үшін жоғары оқу орнының қажеттілігі шеңберін кеңейтуге жол ашады.

IAAR ұлттық рейтингінің бірегей сандық технологиясы еуропалық талаптарға сай және 2000-нан астам ҚР білім беру бағдарламалары мен ЖОО-ларының рейтингін қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Бұл жоғары оқу орындарын өз қызметінің тиімділігін арттыруға ынталандырады және білім беру ісінің экспорттық әлеуетін көтеруге ықпал етеді. Ал рейтинг білім алушылар үшін тұлғалық қалыптасу мен кәсіби өсуде өз бағытын таңдауда негізгі бағдар болып табылады.

Қазақстандық жоғары оқу орындары рейтингінің қорытындылары IAAR-дың ресми сайтында және «Казахстанская правда» газетінің 2021 жылғы 17 мамырдағы санында жарияланған.

Әйгерім ӘУЕЗХАН



**ОБРАЗОВАНИЕ —
ДВИЖУЩАЯ
СИЛА РАЗВИТИЯ**

3



**ШЫҒЫСТАҒЫ
ШЫРҒАЛАҒ:
Риддердегі өртке
ғалымдар ғарыштан
талдау жасады**

4



Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ:
**ҚАЛАШЫҚТЫҢ
ҚАДАСЫ ҚАҒЫЛҒАНДА
КУЭ БОЛДЫҚ**

5

Сегодня мы говорим о творчестве и вкладе в мировую культуру великого поэта и общественного деятеля Олжаса Омаровича Сулейменова.

Духовный феномен Олжаса Сулейменова – уникален, он как номад-пассионарий, его творчество, вобрав в себя лучшие традиции казахской культуры, стало общечеловеческим. Оставаясь плотью от плоти казахом, Олжас Омарович творит на русском языке, избрав тем самым путь обогащения своей национальной культуры, литературы. Воспевая свою культуру, он обогащается другой. Он пишет: «Я бываю Чоканом! Конфуцием, Блоком, Тагором!», «Я – сын двух миров!».

Профессор Сорбонны Леон Робель, представляя французскому читателю свой перевод поэмы «Глиняная книга», отмечал: «Олжасу Сулейменову давно уже близка идея братства культур и духовное взаимообогащение народов. Он хочет читать историю, как большую книгу переселений и изменений знаков. Расшифровка письменности, языков и легенд, по его мнению, поможет нам по-другому взглянуть на Историю Человечества. Давно уже наш раз-

ГЛЫБА ПЛАНЕТЫ



дробленный мир не слышал такого сильного голоса – мы признаём Олжаса Сулейменова наследником или преемником Гильгамеша, Гюго, Хлебникова, одним из тех, величие которых естественно».

Олжас Сулейменов известен не только своим знаменитым произведением «Аз и Я», но и стихами, поэмами, содержательными интервью. У него свой особый философский взгляд на слово, письменность, книгу, литературу, искусство. Читая Олжаса, понимаешь истину и значимость самого слова. Насколько важно использовать «слово» как главный инструмент в качестве художественного отображения

действительности и постижения культуры, истории человечества в целом. В произведениях О.Сулейменова раскрывается вклад роли тюркских народов в развитии мировой культуры и мировой истории. В своих произведениях Олжас Сулейменов создаёт образ казахского народа, воспекает степные просторы Казахстана, но вместе с тем не умаляет величие гор.

Его знаменитое кредо: «возвысить степь, не унижая горы». Олжас Омарович – глубокий, оригинальный мыслитель. Поэт, говоря о роли книги в истории человечества, отмечает, что книга является самым объективным, самым выразительным

символом цивилизации. Она развивает творческие способности, заложенные в человеке, как никакое другое средство информации.

Олжас Сулейменов характеризуется и как человек решительных действий.

Именно он в короткий срок создал международное антиядерное движение «Невада – Семипалатинск». Тогда мир увидел в нем Политика-дипломата Мирового уровня. И его Слово оказало мощное воздействие на формирование духовных и политических ориентиров мыслящих людей. Впервые в новейшей истории независимая республика во главе с Н.А.Назарбаевым

самостоятельно решила проблему прекращения ядерных испытаний. Закрытие Семипалатинского полигона объединило весь народ. Это общественно-гражданская позиция Олжаса Сулейменова свидетельствует о его постоянном стремлении действовать словом, пером и делом во благо Родины и мира в целом.

Мировая интеллектуальная элита знает Олжаса Сулейменова как государственного и политического деятеля. Неотменима его деятельность в качестве дипломата в статусе постоянного представителя Республики Казахстан при ЮНЕСКО. Особое видение мира, емкость смысла, выраженная в энергетически заряженных словах, заставляет непроизвольно цитировать О.Сулейменова.

В этот замечательный день мы отмечаем 85-лентий юбилей нашего великого соотечественника, мыслителя. Я бы назвал его духовная глыба, мощь мысли, гордость народа. От всей души желаю Олжас Омаровичу крепкого здоровья, долголетия, творческих достижений. Хочу, чтобы он вдохновлял и воспитывал не одно поколение молодежи, его творчество как духовное назидающее «... атадан балаға» служило нам всем духовным ориентиром и в далеком будущем.

Жансәйт ТҮЙМЕБАЕВ,
Председатель Правления
– Ректор КазНУ имени
Аль-Фараби

Фараби ұлағатына арналған дәріс



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында академик Әбсәттар қажы Дербісәлі «Отырарлық ғұламалар» тақырыбында дәріс оқыды.

Бұл – білім ордасының «Отыз жылдыққа – отыз апталық» жол картасы негізінде «Ұлы Фарабидің ұлағаты» бағыты бойынша жоспарланған бұқаралық дәрістердің бастамасы.

Алғашқы дәрісті ұлы даланың дара тұлғасы – Әбу Насыр әл-Фараби мен өзге де данышпандардың жазба мұрасын зерттеп, ғылыми айналымға енгізуге шығармашылық өмірін арнаған ҚР ҰҒА және Халықаралық араб тілі ҒА академигі Әбсәттар қажы Дербісәлі өткізді.

Ғалым Отырар қаласынан шыққан 30-дан астам ғұлама жайлы мол мағлұмат беріп, олардың еңбектерінен деректер келтірді. Соның ішінде Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып өтті.

Дәрісте Қазақстанның тәуелсіздік жылдары жеткен ғылыми

және мәдени жетістіктері де сараланып, көпшілік назарына ұсынылды. Қатысушы ғалымдар мен студенттер, көпшілік қауым қазақ мәдениеті мен ғылымы жайлы құнды ғылыми деректер мен дәйектерге қанықты.

Кездесу Халықаралық Әл-Фараби орталығының ұйымдастыруымен өтті.

Айта кетсек, орталық фарабитану, қазақ және түркі философиясы саласында ғылыми зерттеу қызметін жүргізеді. Әл-Фараби трактаттарын аудару және басып шығару жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар орталыққа Әл-Фараби мұрасын сақтау, қайта құру және насихаттау бойынша таяу және алыс шетел мамандарының халықаралық ынтымақтастығын үйлестіру де жүктелген.

Өз тілшімізден



ЖЕР-СУ АТТАРЫНА ЖАН БІТІРДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Түркі академиясының ұйымдастыруымен белгілі түрколог, қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі, профессор Жанұзақ Телғожаның 95 жылдық мерейтойына орай ғылыми конференция өтті. «Ғалым Телғожа Жанұзақ және ономастика мәселелері» атауымен өткен шарада «Қазақ ономастикасы» атты 5 томдық еңбектің тұсауы кесіліп, қалың оқырманға жол тартты.



Басқосуда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі проректоры м.а. Әлия Мәсәлімова ғалымды мерейлі жасымен құттықтап, арнайы сый-сияпат тапсырды. Ол ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҒА Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері, ҚР Гуманитарлық ғылым академиясының академигі Телғожа Сейдинұлының тіл білімінде іргелі мектеп қалыптастырғанына тоқталып өтті.

Белгілі ғалымның қазақ тіл білімінің дамуына қосқан өлшеусіз үлесі жайлы танымал абайтанушы ғалым Мемкентас Мырзахметов, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжетан Матыжанов, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабалдинов, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова, ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры Жанғара Дәдебаев сынды көрнекті қоғам қайраткерлері

мен ұлт зиялылары ой толғап, пікір білдірді.

Сондай-ақ жиында парасатты тұлғаның лексикология, лексикография, терминология, ономастика, орфография және халық ауыз әдебиеті мен аударма мәселелері бойынша терең зерттеу жүргізіп, 500-ге жуық еңбек жазғаны атап өтілді.

Айта кетсек, тілші-ғалым 1989 жылы жоғарғы үкімет орындарына хат жолдап, Мемлекеттік ономастикалық комиссия құру жайлы мәселе қойды. 1990-1998 жылдары ол осы комиссияның ғалым-хатшысы, 1999-2003 жылдары мүшесі болып, қоғамдық негізде ауқымды жұмыс атқарды.

Телғожа Жанұзақтың іргелі еңбектері бүгінде қоғам сұранысын өтеп, көптеген зерттеу жұмыстары төлқұжат беру органдары мен азаматтық хал-актілерін тіркеу мекемелерінде кеңінен пайдаланылатын, ұлттық мүддеге қызмет ететін құнды құралға айналып отыр.

Әйгерім
ӘЛІМБЕКОВА

Тридцать лет независимости можно условно разделить на три десятилетия. У каждого десятилетия была своя миссия в решении тех проблем, которые являлись важнейшими в экономическом, социальном и политическом плане. И все сегодняшние свершения, достигнуты благодаря лидеру нашей нации, Первому Президенту Н.А.Назарбаеву, мудрости и здравому смыслу нашего народа, единству и сплоченности проживающих в нашей стране народов, кропотливому труду наших соотечественников.

В этом году исполняется 30 лет независимости нашей страны. С точки зрения истории, тридцать лет – это время, которое протекает в мгновение ока. Но, это целая эпоха в жизни народов, в которой чередуются трудности и радости, кризисы и реформы, остановки и развитие. И мы, граждане нашего государства, прошли этот сложный путь. Осознавая независимость своей страны, каждый сознательный гражданин, безусловно,

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби создает все условия, для получения качественного высшего образования не только для студентов из всех регионов Казахстана, но и для студентов из ближнего и дальнего зарубежья.

Внедрение различных инноваций, современных методов и технологий при подготовке специалистов, а также реализация действенных социальных проектов на базе КазНУ имени

и государства в целом. В современном обществе меняется отношение к детям и лицам с особыми потребностями, защищаются их права, оказывается большая педагогическая, психологическая и социальная помощь родителям.

Образование лиц с особыми образовательными потребностями стало одним из приоритетных направлений деятельности всей системы образования Республики Казахстан. На сегодняшний день интеграция лиц с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательную и социально-культурную среду, является закономерным этапом развития системы инклюзивного образования, связанным с переосмыслением обществом отношения к лицам с



ОБРАЗОВАНИЕ – ДВИЖУЩАЯ СИЛА РАЗВИТИЯ

задается волнующими его вопросами: «Каких успехов мы достигли за тридцать лет?», «Какую страну мы оставим следующему поколению?», «Что еще мы можем сделать, чтобы укрепить нашу независимость?». Эти вопросы возвращают нас в прошлое, без чего не может быть будущего, и являются важным моментом при анализе достижений и недостатков, в объединении наших целей и новом рывке в будущее.

В целом, силы нашего государства всегда были направлены на создание справедливого общества и в любом деле, руководствуясь принципом справедливости, наша страна добивается больших достижений по всем направлениям. Например, в нашей стране с каждым годом улучшается социальное положение населения, мы можем гордиться достижениями во многих областях, в том числе и международными успехами нашей страны.

Движущей силой развития и достижения успехов в различных областях в современном, независимом Казахстане, является образование. Елбасы, Н.А.Назарбаев все годы независимости нашей страны, в своих посланиях народу Казахстана, подчеркивал о значимости образования подрастающего поколения и особый акцент он делал на высшее образование, на подготовку специалистов. И его пристальное внимание к совершенствованию высшего образования дало свои результаты в виде огромных достижений и в этой сфере. Мы вошли в мировое образовательное пространство, у нас действует система непрерывного образования, которая занимается обучением и воспитанием будущих поколений, а также подготовкой молодых специалистов. Они, новые поколения казахстанцев, генераторы новых идей, внесут свою лепту в развитие нашей независимой страны, поэтому мы должны направить потенциал подрастающего поколения в нужное русло и эффективно использовать его. В этой связи,

Аль-Фараби, способствуют формированию сильной духовно - нравственной и интеллектуальной личности будущего специалиста. За 30 лет произошли кардинальные изменения: поменялось отношение преподавателей к своей деятельности, изменились подходы к воспитанию современных специалистов, привносятся в процесс обучения инновационные технологии. Например, работая в КазНУ им. Аль-Фараби, каждый преподаватель управляет учебно-воспитательным процессом студентов, мы руководим научными работами, ежегодно выпускаем новые кадры для нашей страны в области педагогики и психологии, социальной педагогики, учителей самопознания, чего не было в предшествующие годы нашей независимости и за 30 лет, своим трудом мы внесли немалый вклад в развитие нашей страны. На современном этапе, новым для нас является то, что в рамках модернизации казахстанского образования, в нашем университете идет подготовка специалистов в области инклюзивного образования. И от радно, что именно мне, как координатору новых образовательных программ и моим коллегам, предстоит активно участвовать в подготовке специалистов, востребованных на современном этапе.

На сегодняшний день, нами подготовлены и внедрены две новые образовательные программы – «Современные технологии в условиях инклюзивного образования» и совместная с КазНМУ им. С.Асфендиярова образовательная программа «Медико-педагогическое сопровождение инклюзивного образования» для обучающихся ступени магистратуры. Это специалисты нового поколения, которые востребованы в обществе в связи с пристальным вниманием к людям с особыми образовательными потребностями, так как проблемы инклюзивного образования, являются проблемой не только детей и их родителей, но и всего общества

ВНЕДРЕНИЕ РАЗЛИЧНЫХ ИННОВАЦИЙ, СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ, А ТАКЖЕ РЕАЛИЗАЦИЯ ДЕЙСТВЕННЫХ СОЦИАЛЬНЫХ ПРОЕКТОВ НА БАЗЕ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ, СПОСОБСТВУЮТ ФОРМИРОВАНИЮ СИЛЬНОЙ ДУХОВНО-НАВЯЩЕННОЙ И ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА. ЗА 30 ЛЕТ ПРОИЗОШЛИ КАРДИНАЛЬНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ: ПОМЕНЯЛОСЬ ОТНОШЕНИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ К СВОЕЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, ИЗМЕНИЛИСЬ ПОДХОДЫ К ВОСПИТАНИЮ СОВРЕМЕННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ, ПРИВНОСЯТСЯ В ПРОЦЕСС ОБУЧЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ.

особыми образовательными потребностями, признанием равных прав на получение образования и представляет собой актуальную проблему коррекционной педагогики и психологии. Развитие инклюзивных форм обучения лиц с особыми образовательными потребностями требует не только материально-технического оснащения общеобразовательных учреждений, но и создания специальных учебных программ для учащихся, подготовки и переподготовки кадров в сфере инклюзивного образования. И в этой связи, подготовка кадров в сфере инклюзивного образования является закономерным этапом развития системы высшего образования.

Магистранты, обучающиеся по данным образовательным программам, получают знания, умения и навыки работы с лицами с особыми образовательными потребностями, особенно с детьми с ограниченными возможностями здоровья и их родителями, с применением современных психолого-педагогических технологий, издаются научные труды. Также, знания медицинских основ психофизиологических особенностей детей, способствует применению различных подходов в деятельности педагога-психолога в современной школе, в сфере здравоохранения, а также в различных коррекционных и реабилитационных центрах. С учетом передовых практик других стран, опираясь на новые модели обучения в инклюзивном образовании детей с особыми потребностями, мы совместно с магистрантами создаем

модели инновационных подходов в работе с родителями и детьми, а также модели создания благоприятных условий для интеграции детей в общество. Подготовка и выпуск специалистов в сфере инклюзивного образования, их активное участие в научных мероприятиях, проведение исследований в области инклюзивного образования приведет к позитивным изменениям на всех уровнях учебно-воспитательной деятельности образовательных институтов, что повысит качество образования с инклюзивной практикой.

Руководство Казахского Национального университета имени Аль-Фараби не ограничивается открытием образовательных программ в области инклюзивного образования. В нашем университете проявляют заботу и о студентах с особыми образовательными потребностями. Например, с 2018 года функционирует Центр поддержки студентов с ограниченными возможностями здоровья. Целью Центра является оказание поддержки и необходимой помощи студентам в учебном процессе, проведение психологических консультаций, организация воспитательных мероприятий, профориентационной работы и других видов деятельности, с учетом потребностей данной категории студенческой молодежи.

Хотелось бы также отметить, что сопровождение инклюзивного образования студентов с особыми образовательными потребностями представляет собой актуальную проблему педагогики, психологии и об-

разовательного менеджмента. Исследуя данную проблему, мы работаем над разработкой методических рекомендаций для психолого-педагогического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями в учебно-воспитательном процессе.

Как директор данного Центра, я стараюсь организовать волонтерскую работу, привлекая студентов специальностей «Педагогика и психология» и «Социальная педагогика и самопознание», а также взаимодействовать со всеми структурными подразделениями университета по решению вопросов студентов с особыми образовательными потребностями. Так, например, все студенты с ограниченными возможностями здоровья и имеющие инвалидность, получают профессиональную медицинскую помощь и консультации в ЦОС «Кермет» при КазНУ. В учебно-воспитательном процессе для студентов с ограниченными возможностями здоровья создаются наиболее благоприятные условия. Проводится работа по формированию системы сопровождения студентов с ограниченными возможностями здоровья в учебной и вне учебной деятельности, которая учитывает их психофизиологические особенности и позволяет свести к минимуму различные затруднения, возникающие в этой связи.

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что КазНУ имени аль-Фараби являясь флагманом среди вузов страны, не сдает своих позиций ни в одном направлении. Это подтверждается неустанным трудом руководства вуза, профессорско-преподавательского состава и соответственно, постоянным продвижением наверх в мировых рейтингах.

Независимость Казахстана предполагает не просто ее провозглашение или создание фундамента государства. Независимость подтверждается ежедневным трудом каждого гражданина нашей страны, особенно молодежи, а также развитием всех сфер нашей жизни, чтобы не останавливаться на достигнутых успехах и постоянно двигаться вперед.

Анар МУКАШЕВА,
доктор педагогических наук,
доцент кафедры
Педагогики и
образовательного
менеджмента КазНУ

Өрт, сутасқыны, жер сілкінісі – айтып келмейтін апат. Риддер қаласы маңында болған орман өрті де аяқасты елді дүр сілкінтті. Тиісті органдар тілсіз жаудың шығу себебін анықтап жатқанда, біздің ғалымдар ғарыштық технологиялардың көмегімен салдарын саралап шықты.

Сонымен, төтенше жағдай орын алғанда ғарыштық технологиялардың тағы да қандай мүмкіндіктері бар? Осы сауалға жауап іздеп, университетіміздегі Жерді қашықтықтан зондтау орталығының директоры Бахыт

Сахариетті сөзге тарттық. Оның айтуынша, жер серіктерінен алынатын мәліметтер ауқымды жерлерге сараптама жасауға өте қолайлы.

– Жерді қашықтықтан зондтау спутниктерінің мәліметтері

төтенше жағдайлар, техникалық апаттар мен климаттық катаклизмдердің салдарын талдауға тиімді. Одан бөлек, жерүсті немесе авиациялық бақылау тәсілдерімен салыстырғанда жедел. Әсіресе аумағы 10-100 шаршы шақырымнан асатын аймақтарға анализ жүргізу үшін ЖҚЗ – таптырмас тәсіл. Арзан әрі қауіпсіз деуге болады, – дейді орталық басшысы.


Қазіргі таңда жерді қашықтықтан зондтау технологиясы өртену қаупі жоғары аумақтарға да мониторинг жүргізуге болатынын көрсетіп отыр. Анализ барысында ойлы-қырлы жерлер, жол мен елді мекендердің орманнан қашықтығы есепке алынады. Өрттің таралу жылдамды-

ШЫҒЫСТАҒЫ ШЫРҒАЛАҢ: РИДДЕРДЕГІ ӨРТКЕ ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ ҒАРЫШТАН ТАЛДАУ ЖАСАДЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қарасты Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) орталығының мамандары апаттан кейінгі ахуалды бағамдап көрген болатын.

– 10-11 мамырда Риддер қаласы маңында болған орман өртіне Жерді қашықтықтан зондтау мәліметтерін негізге ала отырып талдау жасадық. Бұл ғарыштық түсірілімді серіктесіміз Қытай ғылым академиясына қарасты Аэроғарыштық зерттеулер институты ұсынып отыр. Қашықтықтан зондтау деректері үш кезеңде алынды: 2021 жылғы 9 мамырда – өртке дейін, 15-16 мамырда өрттен кейін. Мониторинг аймағы 10-14 мамыр аралығында бұлтты болғандықтан, деректер қолжетімсіз болды, – дейді Инжиниринг және жоғары технологиялар кластері бас директорының орынбасары Өміржан Тәукебаев.


1-кескінде өртке дейін және өрттен кейін 9-шы және 15 мамырдағы суреттер көрсетілген. Орталық мамандары суреттің сары түспен белгіленген тұсы – бұл өртенген аймақ екенін түсіндіріп берді. Ал оның жалпы аумағы 242 гектарға тең. 2-кескін 16 мамырда түсірілген. Ол шартты түспен синтезделген. Бұл суреттегі қызыл аймақ – өсімдік жабыны бар жерлер, ал күйген аймақ қара түспен ерекшеленеді.



1-кескін. Өртке дейінгі және өрттен кейінгі орман қоры



2-кескін. Шартты түспен синтезделген кескін



**РИДДЕР
МАҢЫНДАҒЫ
ОРМАН ҚОРЫНЫҢ
242 ГЕКТАРЫ ӨРТТЕН
ЗАРДАП ШЕКТІ**

ғы мен бағытына әсер ететін тағы бір маңызды фактор – жел мен орман өсімдіктерінің құрамы. Өйткені құрғақ, ауру ағаштар тез жанып, желсіз ауа райында да инженерлік құрылымдарға қауіп төндіруі мүмкін.

Сондай-ақ ЖҚЗ деректері өртену қаупі бар аймақтардың картасын жасауға және өткен жылдардағы орман өрттерінің жиілігімен салыстыруға пайдаланылады. Осылайша өрт шалу қаупі жоғары және төмен жерлерді тауып, табиғи апатты басқарудың ұтымды стратегиясын жасауға болады.

Жоғары және орташа кеңістіктік дәлдіктегі ЖҚЗ деректеріне сүйене отырып көлемді сараптама жасалады. Мәселен, өрттің таралуын егжей-тегжейлі талдау; өртенген алаңның аумағын анықтау және келтірілген экономикалық залалды бағалау; өрттерді жою бойынша алдын алу іс-шараларын жоспарлау; шымтезектің терең жану ошақтарын анықтау.

САРЫҰАЙЫМҒА САЛҒАН САРДОБА

Орман, дала өртінен бөлек, жиі алаңдататын төтенше жағдайлардың бірі – су тасқыны. Бір жыл бұрын Өзбекстандағы Сардоба суқоймасында болған апат екі тарапты да біраз әбгерге салды. Ол кезде де университетіміздің ғалымдары ғарыштық түсірілімдер негізінде Түркістан облысы Мақтаарал ауданындағы зардап шеккен жерлерді жедел және дәл анықтаған еді.


Мамандардың бағалауы бойынша, екі елдегі су басқан аумақтың жалпы ауданы 60 мың гектарды құраған. Оның ішінде 15,2 мың гектар жер Қазақстанға тиесілі территория. Түсірілім кезінде мамандар апатты аймақта екі елдің 24 елді мекені тұрғанын анықтады. Оның жетеуі біздің елде орналасқан. Жер бедерінің ерекшелігіне қарай су ылдилап аққан. Рельефті талдау Қазақстандағы аймақтың еңісте орналасқанын көрсетті. Сол себепті судың үлкен көлемі біздің елді мекендер мен егіс алқап-

тарына лезде жеткен. Бөгет жарылғаннан кейін судың негізгі бөлігі Қазақстан мен Өзбекстан шекарасындағы ойпатты аймаққа шоғырланып, жеткілікті тереңдікте үлкен субасу аймағы пайда болды. 2020 жылдың 3-4 мамырында түсірілген ғарыштық суреттерде көрсетілгендей,

су басқан аумақтардың шекарасы кеңейе түскен. Мұны жер бедеріндегі еңістіктен бөлек, су тасқынына табиғи кедергілер мен үлкен дренаждық арналардың жоқтығымен түсіндіруге болады.

Сондай-ақ орталық мамандары Сардоба суқоймасының

апаттан кейінгі жағдайына баға берген еді. Нәтижесінде бөгет жарылғаннан кейін суқойманың беткі ауданы 24,1 шаршы шақырымға азайғаны анықталды. Қорыта айтқанда, төтенше жағдай өміріміздің кез келген саласында туындауы мүмкін. Сондай сәттерде жедел



әрекет етіп, барынша қауіптің бетін қайтарудың бір амалы – деректерді өңдеудің тың тәсілдерін игеру.

Кәмила ДҮЙСЕН

ТОҚСАН ЖЫЛҒА ЖУЫҚ ТАРИХЫ БАР ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН КӨПТЕГЕН ТАНЫМАЛ ТҮЛҒАЛАР БІТІРІП ШЫҚТЫ. ОЛАР МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУҒА, ХАЛЫҚТЫҢ РҰХАНИ ДАМУЫНА, БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ, МӘДЕНИЕТТІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА МЕН ЗАМАНАУИ БИЗНЕСТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСТЫ. «МЕНИУ УНИВЕРСИТЕТІМ» – ЖАҢА АЙДАР. МҮНДА БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ ТАНЫМАЛ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҰШҚАН ҰЯСЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛЫ ЕСТЕЛІКТЕРІ МЕН ӨМІР ЖОЛЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ БАЯНДАЛАДЫ.

1970 жылдың наурыз айы еді. КазГУ-дың филология факультетінің бірінші курс студентіміз. «Ректор ауысыпты, Өмірбек Жолдасбеков деген кісі ректор болып келіпті» деген сөз бөлмеден бөлмеге желдей есіп кетті. Біздің жете танитынымыз – кураторымыз Мырзатай Жолдасбеков пен сол кездегі деканымыз Халаби Сайхиев. «Келсе келсін, көрерміз» деп сырттай тон пішіп, тобық жұтып жатқан жай бар. Айналага енді алаңдап, жан-жағымызға қарай бастаған тұмса шақ еді ол. Киров және Масанчи көшесіндегі оқу корпусына жүгіріп барып, жүгіріп келіп, дәріске дендеп кірісе бастағанбыз.

Бір күні жатақхана дүрлігіп кетті. Жаппай жүгіріс, әншейінде шаңқылдап ұрсып, шаңымызды қағып жататын комендант Вера апамыздың мейірі жұмсақ, бізді туған баласындай қадірлеп, бәйек болып кетті. Виноградов көшесіндегі әйгілі №88 үйдегі ескі жатақхана. Дәліз бойымен бір топ адам дүрлігіп келе жатыр екен. Алдында палуан денелі, бұйра шашты, қозғалысы мығым, жүрісі салмақты, орта бойлы бір кісі келе жатты. Ересек курстың бір студенті: «Жолдасбеков деген – осы кісі, өзі палуан, өзі математик», – деп хабар беріп үлгерді. Біздің бөлмеге кірді. Түрегеліп тұрмыз. Таныса бастады. Түсі жылы, көптен көрінбеген ағамыз сияқты. «Жағдайымыз жақсы» деп тақылдап жатырмыз. Декандарымыз жауапқа риза кейіпте.

«КазГУ-дың оқу корпусы әр жерде екен, жатақханалар да солай, кітапханалар да осы күйде. Жақында университеттік сенбілік жасаймыз, өз қалашығымыз болады, болашақта бәрі бір жерде болып, сабақ оқуға, тұруға, жан-жақты дайындалуға ыңғайлы жасаймыз», – деді сенімді үнмен. Айтқандай-ақ, келесі бір сенбіде жалпы университеттік сенбілік болып, бірінші курстың бәрімізді бірнеше автобусқа мінгізіп, қаланың шығыс бетіне алып келді. Орасан зор аумақ, қалың тоғай, сан түрлі қаптаған ағаш. Осы жерде КазГУград болады екен, соның орнын тазалап, ретке келтіреді екенбіз. Күліп-ойнап жүріп бірнеше машина толған қоқысты тиіп жібердік. Осылайша жаңа ректор Өмірбек Жолдасбеков КазГУградтың алғашқы қадасын қасты. Кейін білсек, бұл жердің көлемі 100 гектар екен.

Сол жылы ауқымды құрылыстар басталды. Ол кезде құрылыс қарқыны, неге екенін кім білсін, ұзақ жүретін. Армандаумен жүріп біз университетті баяғы ескі корпусарда оқып бітіріп, жан-жаққа тарап кеттік. Реті келгенде «біз КазГУградтың іргетасын қалағанбыз» деп мақтанып қоямыз. Ректор Жолдасбековтің ерен еңбегінің нәтижесінде КазГУград ел мақтанатын іргелі оқу орнына, студенттерге жан-жақты білім беретін білім-ғылым ордасына айналды. Оқу корпусы жаңа-

дан бой көтеріп, жаңа жатақханалар бой түзеді. Студенттердің саны жылдан-жылға өсіп, бұл күнде 27 мыңға жақындады, қызметкерлердің саны 6000-ға тақап, мұнда қызмет ететінін мақтан тұтатын ұрпақтар сабақтастығы жақсы жалғасын тапты.

Қазақ білімінің қарашаңырағы атанған бүгінгі ҚазҰУ әлем-

Өтеген ОРАЛБАЙҰЛЫ,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ҚАЛАШЫҚТЫҢ ҚАДАСЫ ҚАҒЫЛҒАНДА КУӘ БОЛДЫҚ



дегі алдыңғы қатарлы университеттердің ішінен өз орнын тапты, өзінің атағын әлемдік білім меридиандарына таратты. ҚазҰУ түлектерінің ішінен 90 жылдыққа қадам басқан кезеңде 40 министр, 48 елші, жүздеген академик пен Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, елімізге танымал тұлғалар, Отан соғысы кезінде жаумен жанқиярлықпен соғысқан батырлар, еңбек майданында ел даңқын асырған ерен ерлер, жүздеген депутаттар мен білім саласының озық ұстаздары шықты.

Университет Тәуелсіздіктің тұғырына айналып, әрбір түлегі «мен КазГУ-дың түлегімін» деген қанатты сөзді мақтана айтатын дәрежеге жетті. Бізге дәріс оқыған ғұлама ғалымдар, ұстаздардың дені өмірден өтіп кетті, бірақ олардың әзиз есімдерін кейінгі жас ұрпақ саналы түрде сабақтастырып келеді. Олар бұл күнде аудиториялардың атын иемденіп, өз түлектеріне әлі де ұстаздық ұлағатын үйретіп келе жатқандай.

1994 жылы мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, Өмірбек аға Жолдасбековпен бір комитетте қызмет атқардым.

Сол күндерде біз КазГУ-дың әрі түлегі, әрі ректоры ретінде алғашқы қазық қаққан кездегі университеттің өмірбаянын бірге талқылап, сол кезеңдегі күндерді сағынышпен еске алып отыратын едік. Біздің әңгімемізге уақыты табылғанда дем беріп, өзінің де студенттік шақтарын еске алып, еміреніп отыратын ұлы қаламгер Әбіш Кекілбаев, Қуаныш Сұлтанов, бірінші студенттік жылдарын осында бастаған Шерхан Мұртаза, жазушы, академик Уәлихан Қалижан сынды тұлғалар туған университеттерін қадірлеп, құрметтеуден бір жаңылған емес.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жоғары оқу орындарына әлемдік Top-200 университеттің қатарына кіру жөнінде тапсырма бергенінен көпшіліктің хабары болар.



лықаралық байланыстарды белсенді дамытып отыр. Университет бұл құрметті де жауапты дәрежені 2014 жылдан бері сақтап келеді.

Оқу орнында Пан Ги Мун атындағы БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысының тікелей қатысуымен ашылған Орнықты даму институты құрылып, табысты жұмыс істеп тұр. Шетелдердегі жетекші университеттерде Әл-Фараби атындағы 10 ғылыми білім беру орталығы, Ыстамбұл (Түркия) және Делиде (Үндістан) Әл-Фараби мұражай-үйлері ашылып, оларда қазақ тілі мен қазақ халқының мәдениеті үйретіледі, ұлы Абайдың гуманистік идеялары мен ілімі насихатталады. THE пікірінше, университетіміз ең үздік Азия университеттерінің Shortlist қатарына кіреді. ҚазҰУ Top-200 ең экологиялық және Top-50 технологиялық дамыған университеттердің қатарында.

ҚазҰУ кампусы аумағында FTA құрудың алғашқы қадамы әлемнің 130-дан астам жетекші жоғары оқу орындарын біріктіретін «Жаңа Жібек жолы университеттерінің альянсы» Халықаралық IT-кластерін іске қосу болады. Оның өзегін Silicon Valley моделіндегі IT-технопарк және ҚХР үкіметінің гранты бойынша ҚазҰУ-ға ұсынылатын суперкомпьютер құрайды. «Алқаптың» маңызды құрамдас бөліктері қатарында заманауи емхана мен зертханасы бар медициналық-биологиялық кластер, сондай-ақ нанотехнологиялар мен жаңа материалдар, ядролық, ғарыштық және телекоммуникациялық технологиялар, робототехника, пәнаралық гуманитарлық зерттеулер сияқты ғылыми бағыттарды біріктіретін инновациялық кластер бар. Айта берсек, университеттің білімі-ғылыми жетістіктерінің өзі бірнеше мақалаға сыймай қалар еді. Мақтанатын, мерейленетін мысалдар жетерлік.

Соның бірі мен үшін ерекше

сәт, 47 жылдан соң кезінде «КазГУградта оқи алмай кеттік-ау» деп армандаған оқу орнына сәтті түсіп қайта оралдым. Алматыда 1980 жылы бітірген, бүгінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болып танылған тұлға, филология ғылымының докторы, профессор, талай мемлекетте төтенше және өкілетті елші болған азамат Жансейіт Түймебаев өзіне кеңесшілік қызметке алып, қоян-қолтық жұмыс істеп келеміз. Өзім оқыған, білім берген, азамат болып қалыптасуыма негіз қалаған университетіме қызмет жасауды әрі парызым, әрі борышым деп есептеймін. Туған ұяға сағынып оралған түлек ретінде жаңарған, жасарған, әлемге танылған, әлі де талай биіктерге абыроймен шыға алатын зор мүмкіндігі бар Қазақ ұлттық университетінің ұжымында, өз білімі мен білігін оқу орнының одан әрі өркендеп, дамуына үлес қосуға ұмтылған жандардың қатарында жүргеніме ризамын.

Алда талай белестер мен жауапты сапарлар тұр. «Білімді елдің еңсесі биік» деп ұлттық идеологияның нұрлы нысанасын нұсқаған президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойып отырған міндеттер мен тапсырмаларды жоғары дәрежеде атқарып шығуға Қазақ университеті толық дайын деп санаймын. Ынтымақшыл ұжым, береке-бірлікті ұстанған ұстаздар қауымы мен өмірлік сапарларына құштарлық пен ізденісті мақсат тұтқан қазіргі студенттер біздің арамыздағы 47 жылдық арақашықтықты сәт сайын жақындата түседі деп сенемін.

Тарихи 90 жылдық кезеңіне бағыт ұстанған ұлттық университеттің Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңындағы жан-жақты жұмыстары, бағалы бастамалары, атқарып жатқан ізгі істері, жарқын жаңалықтары жалғаса береді деп сенемін.

Қазақтың ғалым қызы, филология ғылымының докторы, профессор Алма Қыраубаева қамшының сабындай қысқа ғұмырында ғасырға азық болар мол қазынаны халқына сыйлап, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне елеулі үлес қосты.

Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ әдебиетке бейімділігін танытқан шәкірт С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ерекше бір леп әкелген жаңа толқынмен бірге осы оқу орнын 1970 жылы бітірген соң, талантты түлек ұстаздарының назарына ілігіп, 1973 жылы аспирантураны тамамдайды. 1974-2000 жылдар аралығында қазақ ғылым-білімінің қарашаңырағына айналған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми-педагогикалық тұрғыда жемісті қызмет атқарды.

Ұлттық мектеп үлгісін жасады

Алма Қыраубаева ғылыми ізденістерімен қатар, ұлттық тәрбие мәселелерімен де белсене айналысты. «Саяси тәуелсіздігімізді алғанмен, рухани тәуелсіздікке жету оңай емес. Оған қазақ баласы жаппай қазақ мектебінде оқитын күнге жеткенде ғана үміт артуымызға болады. Осы ұлы мақсат үшін күрес бүгін де, ертең де тоқтамауы тиіс», – деп жазды ол «Жаным садаға» атты еңбегінде.

Алма Мүтәліпқызы тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, яғни 1993 жылы Алматы облысы Қарасай ауданының Ораз Жандосов ауылында жекеменшік Қазақ гуманитарлық мәдениет мектеп-лицейін ашты. Бұл гуманитарлық лицейде білім беру, тәрбие жұмысы мемлекеттік стандартты сақтай отырып, ұлттық дәстүр бағытында жүргізілді. Қаражат тапшылығына байланысты 1996 жылға дейін ғана жұмыс істегеніне қарамастан, Алма апайдың лицейі қазақ ұлттық мектебі үлгісінің тәуелсіздік кезеңінде жүзеге асқан бір көрінісі болды. Олай дейтін себебіміз – Алма

Қыраубаева мектеп бағдарламасын жүйелеумен қатар, білім беретін білікті ұстаздар құрамын да ойдағыдай жасақтады. Университетті үздік оқыған өз шәкірттері: Самал Дәрібаев, Саида Нәжімеденова, Ләйла Мұсалы, Айсұлу Қасымбектермен бірге, тәжірибелі ұстаздар – ерлі-зайыпты Бекболат пен Зибә Бәйтқовтер, Нұрсұлтан Сәрсенбаев, Қарлығаш Әбетаевалар еңбек етті. Солардың қатарына тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өзге мемлекеттерден елім деп ентелей жеткен қандас білімді жастарды да тарта білді. ҚХР Пекин орталық ұлттар университетінің түлегі, әдебиеттанушы Рахым Айыпұлы, Пекин орталық ұлттар университеті өнер факультетінің және Құрманғазы атындағы консерваторияның түлегі Ернұр Тұрсынәліұлы, Шыңжаң педагогикалық институтының түлегі, ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы, Қарақалпақстаннан Сәкен Нұрашев, Қырғызстаннан Кәмила Сарымсақова секілді талантты қыз-жігіттер келіп, Қазақ гуманитарлық мәдениет лицейінің алғашқы ұстаздары ата-

нып, мектеп оқушыларына жан-жақты білім берді. Олар білім бере жүріп, артта қалған туыстарын осындағы қыз-жігіттердің көмегімен атажұртқа шақыртты. Филология ғылымының докторы, профессор Өмірхан Әбдіманов Алма Қыраубаеваның ұлағатты ұстаздары, әлеуметтік-қоғамдық ортасы жайлы: «Алма Мүтәліпқызы университет қабырғасында Бейсенбай Кенжебаев, Рахманқұл Бердібай, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов сынды ұлағатты ұстаздардың қамқорлығын көріп, тәлім-тәрбиесін алды. Ғалымның студенттік жылдардағы жолдастары Алдан Смайыл, Әділбек Тауасаров, Нұрлан Оразалин, Сағат Әшімбаев, Әшірбек Көпіш сияқты қазақ әдебиетіндегі өзіндік сара жолы бар, нар тұлғалы азаматтар шығармашылық ізденістеріне, өмірге деген құлшынысына ерекше серпін бергені анық», – деп, сол буынның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, ұлт руханияты мен ғылымына зор серпіліс әкелгеніне ризашылығын білдіреді.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымының кандидаты, Алма Қыраубаеваның шәкірті Самал Дәрібаев ұлағатты ұстазы және мектеп жайлы толғана келіп: «Жалпы, ұстаз атты ұлы ұғымға сай болу үшін осы жолды мұрат тұтқан жанның бойында бірінбірі толықтырар үш қасиет тоғысуы шарт. Меніңше, оның біріншісі – телегей теңіз терең білім, екіншісі – өмірімен өзектес деп біліп, таңдаған мамандығын жетік меңгерген біліктілік, үшіншісі – өз ортасына сыйлы бола білген кісілік келбет. Міне, осы үш қасиет ұстаз тұлғасында тұтаса тоғысып, әрқайсысы көзге ұрып әрі бір-бірімен кіріге жымдасып кеткенде ғана нағыз ұстаз жаратылысы ерекшелене түседі. Баршаға «Алма апай» атанып кеткен Алма Мүтәліпқызының бүкіл болмыс-бітімінен осынау үш қасиет анық байқалып тұратынды», – деп, ұстазға деген ыстық ықыласымен бөліседі. Ол ойын сабақтай келіп, «Сол жылдары талайды тентіретте жаздаған

тәкаппар тапшылық мектебімізді де терең тұлғиығына тартып, тығырыққа тіреді. Халықтың игілігіне айналған мектеп нарықтың иірімінде кете барды. Қаржы мен қамқорлықтың аздығынан мектебіміз жабылды», – деген өкінішін де жасырмайды.

Алма Қыраубаеваның ғалым ретінде алдына екі түрлі мақсат қойғаны ерекше байқалады. Оның біріншісі әлі зерттелмей жатқан әдеби құндылықтарды ғылыми тұрғыдан игеру болса, екіншісі – сол игерілген қазынаны туған халқының кәдесіне жарату. «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» деген халық даналығына сай, Алма Қыраубаеваның 2008-12 жылдар аралығында «Ғасырлар мұрасы» (2008), «Ежелгі әдебиет» (2008), «Шығыстық қиса-дастандар» (2010), «Жаным садаға» (2011), «Мыңжылдық жолаушы» (2012) атты бес томдық шығармалар жинағы жарық көріп, ғылыми айналымға түсті. Оның ғылыми зерттеулері, педагогика саласындағы еңбектері мен ұстанымдары жаңа буынды тәрбиелеуде, оқушыны жеке тұлға ретінде дамытудағы тың тұжырымдары, тәуелсіз ел ұрпақтарына білім беруде өз даралығымен ерекшеленді.

Алма Мүтәліпқызының ел тәуелсіздігінің алғашқы қиынқыстау кезеңінде білім, ғылым саласында келелі ой, батыл идея ұсынып қана қоймай, оны іс жүзінде дәлелдеуі – үлкен ерлік және бұл оның қажымас қайсарлығы. Бұл оның Алаш ардақтыларының ұлы арманын жалғастырып ұлт тұлғасы екенін әйгілей түскендей.

С.ТЛЕУБАЕВ,

Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Т.ДӘУІТҰЛЫ,

әдебиеттану мамандығының 1-курс докторанты

Студенческая жизнь в связи со всемирной пандемией – уже приобрела иной формат. Помимо занятия, лекции, экзаменов наш университет дает возможность реализации различных инициатив обучающихся.


Во время педагогической практики докторантами 1 курса кафедры механики по специальности «Космическая техника и технологии» Р.Жунусовым, М.Тасовой, А.Калыбековой и А.Баден было проведено профориентационное мероприятие на тему: «Перспективы трудоустройства в организации сферы космической техники и технологий РК», посвященное к 60-летию дня Космонавтики. Данное мероприятие, проведенное в рамках проекта «Айналанды нұрланды», было направлено на устойчивое развитие системы трудоустройства студентов кафедры механики по специальности «Космическая техника и технологии». Программа профессиональной ориентации была направлена для успешного трудоустройства и более детального понимания студентами выбранной специальности. Так как, студент, поступив в университет, не всегда понимает возможности выбранной им специальности.

На данном мероприятии при-

Профориентационное мероприятие для студентов

нимали участие студенты 1-4 курса обучающиеся по программе бакалавриата и 1-2 курса по программе магистратуры. Не зря докторантами нашего университета было выбрано направление трудоустройства. Вопрос по устройству на работу стоит в настоящее время остро, актуальность данного мероприятия был очевиден. Организаторами были тщательно учтены все детали мероприятия, так как данное собрание даёт толчок в становлении студентом, как и в профессиональном поприще, так и в трудовом направлении.

На мероприятие также были приглашены представители кафедры механики и потенциальные работодатели. Основными приглашенными участниками – «потенциальными работодателями» были: заместитель Председателя Правления, АО «Национальный центр космических исследований и технологий» Асылхан Бибосинов, директор департамента стратегического развития и международного сотрудничества ТОО «KazAeroSpace» Малика Баталова,



начальник отдела мониторинга водных ресурсов департамента пространственных данных АО НК «Қазақстан Ғарыш Сапары» Аяғоз Аипова, управляющий партнер ТОО «Rakurs Tech», сертифицированный пилот Федеральной авиационной администрации (FAA) США и руководитель компании ТОО «Rakurs Tech» Джеймс Боулин Стюарт, заведующий сектором ДТОО «Институт ионосферы» Нурмахамбет Сыдық.

По списку участников можно увидеть, что принимали участие не только граждане нашей страны, но и сертифицированный пилот США, в том числе и представители крупных государственных и квазигосударственных отраслей. Каждый из приглашенных спикеров мероприятия выступил с речью, которая сопровождалась информативными презентациями и видеороликами о деятельности компании, в том числе и о

детализации специальности КТТ. Любому желающему имел возможность лично задать вопросы по насущным темам, таким как: трудоустройство, прохождение трудовой практики, получение снимков со спутника для научных целей, научно-материальное обеспечение.

Студенты нашей кафедры получили много полезной информации по специальности КТТ, а также узнали какие большие возможности даёт данная специальность в отрасли: космического/спутникового мониторинга, космического проектирования, в системах дистанционного зондирования Земли, возможности и пути мониторинга и выявления явлений ЧС, узнали, как все вышеперечисленные направления интегрируются со специальностью КТТ. Студенты в рамках мероприятия получили ответы на интересующие вопросы и увидели свои возможности в научно-исследовательском направлении.

Вышеуказанное мероприятие доступно к просмотру по ссылке ниже на Youtube канале:

https://www.youtube.com/watch?v=Rf9vq14g2rY&ab_channel=RustemZbunussov


А.ҚАЛЫБЕКОВА,

А.БАДЕН,

докторанты специальности КТТ Кафедра механики КазНУ

БІЛІМДІ ТӘЖІРИБЕМЕН ҰШТАСТЫРДЫҚ

Механика-математика факультеті «Механика» мамандығының 4-курс студенттері білімді тәжірибемен ұштастыру мақсатында ұстаздық жолымен жүріп, өзімізді шыңдай түстік. Әлемдік пандемия уақытымен тұспа-тұс келгендіктен, педагогикалық тәжірибе онлайн форматта өткізілді.



Жаһанды жайлаған дертпен күресуде қашықтан оқыту заман талабына айналды. «Механика» мамандығының 15 студенті Алматы қаласындағы Сұлтан-Ахмет Ходжиқов атындағы №39 мамандандырылған лицейде төрт апта бойы ұстаз деген ұлы есімді өздеріне серік етті.

Тәжірибе барысында лицей мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, әр

ұстаздың өзіндік сабақ тақырыбын түсіндіру, оқушылармен қарым-қатынаста байланыс орнатудың әдіс-тәсілдерін меңгердік. Қашықтан оқыту барысында жүргізілген сабақтарды «ойды сан-саққа жүгірткен сабақ» деп атар едім. Себебі мұғалімдер онлайн сабақ барысында тек тақырыпты түсіндіріп қана қоймай, көмекші құрал ретінде «бот» негізінде жұмыс істейтін сайттарды пайдаланып, оқушылардың сабақты түсіну деңгейін тест, блиц-сұрақ, ло-

терея, тағы да басқа ойын түрлерін қолдану арқылы тексеріп отырады. Бұл бізде мұғалімдердің тек бір бағытта емес, заман талабына сай жан-жақты дамыған, жаңа техникаларды меңгерген, жаңашыл ұстаз бейнесінің қалыптасқанын көрсетті.

Тәжірибе барысында жоғары және төменгі сынып оқушыларына математика бағыты бойынша онлайн сабақтар жүргізілді. Оқушыларға алгебра, геометрия пәндері бойынша онлайн форматындағы

сабақтар өткізіліп, сандар мен өрнектердің, геометриялық фигуралардың қыр-сырлары түсіндірілді. Педагогикалық тәжірибені жауапкершілікті талап ететін практика десек те болады. Студенттерге ұстаз болу деген үлкен жауапкершілік артылғандықтан, әрине, қорқыныш пен үрей бойымызда қатар жүрді. Педагогикалық практика барысында «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» екеніне шынымен де көз жеткіздік.

Біздің осындай сынақтан лайықты өтуімізге себепші болып, қолдау көрсеткен педагогикалық практика жетекшісі, ф.м.ғ.к., доцент Асылбек Төлепбергеновке және №39 мамандандырылған лицей ұжымына алғысымыз шексіз.

Азиза ҚАШҚЫНОВА,
Механика
кафедрасының 4-курс
студенті



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультеті – отандық және шетел тарихы, археология, этнология, музей ісі мен ескерткіштерді қорғау, мұрағаттану саласында жоғары дәрежелі маман даярлау ісінде еліміздегі ең мықты орталықтардың бірі.



Мүмкіндіктер мекені

Факультет бүгінде алыс және жақын шетелдермен кең түрде халықаралық ғылыми байланыстар орнатып, ғалымдар мен студенттер Ресей, Италия, Франция, Германия, Қытай және тағы басқа елдердің мамандарымен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірлескен экспедицияларға қатысады. Университет қабырғасында білім алатын студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-инновациялық әлеуетіне қолдау көрсетуде заманауи зертханалық база, ғылыми үйірмелер мен клубтар құрылып, нәтижелі жұмыстар атқарылып келеді.

Бүгінде университетіміз ұлттық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие мамандарды, ел мен әлем азаматтарын қалыптастырудағы сапалы жаңа нәтижелерге қол жеткізуді, сондай-ақ білім беру және біліктілікті арттыру арқылы қоғамды тұрақты дамытуда еңбек етіп келеді. Осындай сан мүмкіндіктерге толы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенті атану – асқақ арман, үлкен мақтанш.

Қ.АНДАС,

тарих факультетінің 2-курс магистранты

КазНУ им. Аль-Фараби в течении последних нескольких лет независимости успешно дает возможность студентам и магистрантам пройти международную стажировку. Являясь отличным способом познакомиться с жизнью и работой за границей без больших временных и денежных вложений, профессиональные стажировки для магистрантов, студенческий обмен и волонтерство набирают популярность не менее, чем высшее образование за рубежом. Участники таких программ даже за короткий период получают ценный опыт межкультурной коммуникации, востребованные навыки и возможность заработать.

ПОЛЕЗНАЯ ОНЛАЙН СТАЖИРОВКА

К сожалению карантинные меры, введенные в ответ на COVID-19, привели к сужению доступа людей, разрушив многие планы и поставленные цели на этот учебный год. Но на кафедре «теплофизики и технической физики» физико-технического факультета» нашли решение данной проблеме. Благодаря согласию между заместителем заведующей нашей кафедры Жанар Каиржановной Шортанбаевой и кафедрой «Безопасности и информационных технологий» Научно-исследовательского университета Московского энергетического института (МЭИ) в лице координатора Ирины Александровны Кулик успешно организовалась десятидневная Международная онлайн школа. Занятия курса проходили во время празднования Наурыз, в вечернее удобное время, когда магистранты были свободны для получения, разбора и анализа информации.

Профессорско-преподавательский состав МЭИ за десять дней стажировки полностью раскрыл тему школы «Цифровые технологии в энергетике и промышленности XXI». Начиная с истории цифровизации и обзора современных трендов компьютерных наук, мы разобрали возможности цифровизации электроэнергетики, разобрали актуальные проблемы информационной безопасности в энергетике. Особый интерес у

магистрантов вызвало занятие, где доцент кафедры БИТ Сергей Рыжиков провел мастер-класс по выявлению и защите технических каналов утечки информации на предприятиях энергетики и WEB-технологии для поддержки экономики и энергетики.


Во время и после стажировки у нас сохранились чувства интереса, любопытства, ожидания чего-то нового и неизведанного. Ведь цифровизация и сфера цифровых технологий обладают особой магией, которая объясняется только наукой. По завершении стажировки участникам в онлайн формате вручили сертификаты о прохождении курса, а мы, в свою очередь, постарались получить как можно больше информации, касающейся деятельности уже существующих центров в энергетике. Необходимо комплексная и активная работа для воплощения огромного количества набросков, заметок, записей и всех идей в жизнь, но я верю, что результаты стажировки уже используются в написании практических частей магистерских диссертаций многих участников международной онлайн школы.

Г. ТУРСЫНБАЙ,
магистрант кафедры
Теплофизики и технической
физики физико-технического
факультета КазНУ



ТІЛ МЕҢГЕРУДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН БӨЛІСТІ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнайы «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіндегі Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен «Қазақстанға қош келдіңіз!» атты онлайн форматтағы мерекелік іс-шара халықаралық деңгейде өтті.



Бұл мереке әлемнің әр елінен келген ұлт өкілдеріне тіл меңгертіп, қазақ халқының салт-дәстүрін, ата-тарихын дәріптеп, жаңалыққа толы, инновациялық дамудың әдіс-тәсілдерін меңгеріп жатқан ұстаздар еңбегін елге таныту мақсатында өтіп, кафедра жұмысының нәтижесін кеңінен таныстыруға зор мүмкіндік берді.

Ұлттың дамуы білім құндылықтарынан бастау алады десек, осыдан 35 жыл бұрын бой көтерген біздің кафедра бүгінде шетелдік жастарға лайықты білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салатын білім мекеніне, университетіміздегі ең беделді кафедраның біріне айналды. Тамыры бекіген кафедрамыз жылдан-жылға көркейіп, озық та инновациялық технологиялар мен білікті қызметкерлердің ерен еңбегінің арқасында жаңару үстіндегі білім мекеніне айналып, дамуын жалғастыруда.

Іс-шараға әлемнен Қазақстанда тіл үйреніп, білім алғысы келетін шетелдік азаматтар және әр елдің консулдықтары мен білім-мәдени орталықтар, шетелдік компаниялар өкілдері, шетелдегі жоғары оқу орны-



дарынан қонақтар қатысты. Аталмыш шараны университетіміздің Халықаралық қатынастар департаментінің директоры Айжан Болатханқызы салтанатты түрде ашып, қонақтарға және шетелдік талапкерлерге университетіміздің тарихы, осында білім алу келешегі туралы және факультет, кафедра тарихынан сөз қозғай отырып, күні бүгінге дейінгі жетістіктерін айтып, кафедраның қазіргі таңдағы орны мен маңыздылығына тоқталып өтті.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің деканы Жарылқасын Жаппасов осы мерекеге арналған кіріспе сөз сөйлеп, кафедра туралы, оқу үдерісін, студенттік өмірді ұйымдастыру жайында айтты. Қазақстандағы «Россотрудничество» өкілдігінің жетекшісі – ұйымдастыру комитетінің тең төрағасы Алексей

Коропченко және университетіміздің тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Жұлдыз Есімова құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді.

Іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасты. Концерттік бағдарламаға Қытай, Корея, Ауғанстан, Түркия, Италия, Испания, Швейцария, Жапония және басқа да елдерден қазақ және орыс тілдерін онлайн оқып жатқан шетелдік студенттер қатысып, ән орындап, өз тілдерінде атақты ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқи отырып, қазақ және орыс тілдерін меңгерген деңгейлерін, өз білімдерін, өнерлерін көрсете білді. Студенттер қазақ және орыс тілдерін меңгерудегі жетістіктері туралы мақтанышпен айтып, оқытушыларына алғыс білдірді. Шетелдік студенттер мен оқытушылар дайындаған концерттік бағдарлама жиналған жұртшылық көңілінен шықты.

А. СӘДЕНОВА,
жоғары оқу орнына дейінгі
білім беру факультеті
Шетелдіктердің тілдік
және жалпы білім беру
дайындығы кафедрасы

Археология саласының ардагері

Тарих факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасы қос қуанышты қатар тойлауда. Аталмыш кафедраның 50 жылдығымен қоса, кафедра профессоры Мадияр Елеуовтің 75 жылдық мерейтойы тұспа-тұс келіп отыр.

Кафедра ғалымдары мен ұстаздары абыройлы әрі қастерлі істе аянып қалмағаны белгілі. Оған еліміздің түкпір-түкпірінде жасалған бірегей археологиялық жаңалықтар, этнографиялық экспедициялар барысында жиналған мәдени мұра туындылары, нәтижесінде музей қорларына табысталған жәдігерлер мен сүбелі ғылыми еңбектер куә. Мадияр Елеуов осы іс-шаралардың ыстық-суығына төзіп, басы-қасында болды. Ғалым тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін тауып, оны қазумен ғана шектелген жоқ, сонымен бірге ғасырлар қойнауынан жеткен бұл ескерткіштерді сақтау мәселесінде айрықша құлшыныс танытты.

Мадияр Елеуов 1946 жылы 3 мамырда Қызылорда облысы Шиелі ауданы Еңбекші ауылында дүниеге келген. Ғалымның туып-өскен өңірі – Сырдың ортаңғы және төменгі ағысы, яғни ежелгі отырықшылық мәдениеттің айрықша дамыған жері. Осының өзі жас талапкерді тарих саласына, оның ішінде қызығы мен шыжығы мол археологияға бағыттаған тәртізді. Алайда мақсатына жетуі түрлі себептерге байланысты біраз кейінге шегерілді. Алдымен туған жерде бірнеше жыл еңбек етіп, кейін әскери борышын өтейді.

Мадияр Елеуов 1970 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) тарих факультетіне оқуға түседі. Оқу ордасында 1971 жылы еліміздегі тұңғыш Археология және этнология кафедрасы ашылады. Кафедра басшысы, алғашқы кәсіби археолог Ә.Оразбаевтың бастамасымен отандық және Одақ көлеміндегі белгілі ғалымдар дәріс оқуға шақырылды. Атап айтқанда: академик Ә.Марғұлан, тас дәуірі маманы Х.Алпысбаев, әйгілі археолог К.Ақышев, антрополог О.Исмағұлов, профессорлар У.Шалекенов, Х.Арғынбаев, М.Черников пен М.Грязнов тәрізді ғалымдар кафедрамызда дәріс берді. Осы тұлғалар кейінгі қазақ археологиясы мен этнологиясында үлкен ғалымдар шоғырының қалыптасуына септігін тигізді. Міне, солардың қатарында Мадияр Елеуов да бар.

Университетті бітіргеннен кейін Мадияр Елеуов ұстазы, профессор У.Шалекеновтің шақыруымен өзі бітірген кафедрада лаборант болып қабылданып, профессор дәрежесіне дейін жетті. 1991 жылы археология мамандығы бойынша «VI-XIII ғғ. Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің мәдениеті»



атты тақырыпта кандидаттық диссертация, 1999 жылы «Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI-XIII ғғ.)» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Мадияр Елеуов өзінің жинақтаған білімі мен тәжірибесін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде археология саласының дамуына пайдаланды. 2008 жылдан бері өзі білім алған және ғылыми-педагогикалық қызмет атқарған білім ордасына қайта оралып, күш-жігерін университетіміздің ғылыми мен білімін дамытуға арнауда.

Кез келген ғалым-ұстаздың артында қалған ізі – оның ғылыми еңбектері мен шәкірттері. Мадияр Елеуовтың еңбегі ұшан-теңіз. Ғалым 500-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің авторы. Бүгінде Д.Талеев, Е.Ақымбек, М.Бахтыбаев, С.Қалиев, С.Мұрға-

баев сынды шәкірттері елімізге еңбек етуде. Ол 1989 жылы университет көлемінде алғашқы болып факультетімізде «Қазақ тілі» қоғамын ұйымдастырды.

Болмысынан қарапайым Мадияр Елеуов атақ-даңқтан да кенде емес. 2009 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2009» төсбелгісімен марапатталды. 2010 жылы Қазақстан Республикасы президентінің жарлығы бойынша «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. 2016 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданының «Құрметті азаматы» атанды.

Мадияр Елеуовтың мерейтойымен құттықтай отырып, ұжым атынан деніне саулық, қызыққа толы ғұмыр, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметін, ырыс пен ынтымақ, бақ-береке тілейміз!

Ринат ЖҰМАТАЕВ,
Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі



Түркістанда еліміздің жоғары оқу орындары арасында волейболдан өткен XI жазғы универсиада ойындары нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ерлер командасы кезекті тамаша жеңісіне қол жеткізді.

I орын қанжығаға байланды



Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев спортшыларды айқын жеңісімен құттықтады. Ректор университет құрама командасы мен оның бапкері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Виктор Журавлевтің ерен еңбегі мен жоғары кәсіби деңгейін атап өтіп, жастарға спорт пен оқуда жаңа табыстар тіледі.

Универсиаданың спорт алаңдарындағы тартысты дода 12 мамырда басталып, өз мәресіне жетті. Жарысқа еліміздің 10 жоғары оқу орнының ең мықты командалары қатысып, бақ сынасты.

Қазылар алқасы шығарған қорытынды бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті I орынды қанжығасына байлап, жеңімпаз атағын сақтап қалды. Ал II орынды Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті иеленсе, жүлделі III орынға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті лайықты деп танылды.

Сондай-ақ Алматы мен Талдықорған ЖОО-ларының 6 командасы қатысқан қыздар арасындағы волейболдан турнир аяқталды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университетінің командасынан басым түсіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Барша жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз! Спортшыларға сәттілік, күш-қуат пен зор сенім тілейміз!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Баспасөз қызметі

ВОЛОНТЕРЫ ПРИСТУПИЛИ К РАБОТЕ

По просьбе компании Astana motors по оказанию информационной и консультативной поддержки в разъяснительной кампании среди населения по вакцинации, преподаватели кафедры политики и организации здравоохранения КазНУ им. Аль-Фараби во главе с заведующей, проф. Капановой Г.Ж., магистрантами и докторантами по специальности «Медицина» решение принять активное участие в волонтерской работе по вакцинации от Covid-19.

Борьба с Covid-19 это не только проблема системы здравоохранения, но в ней задействованы все силы общества. Предварительно профессором Гульнарой Капановой, докторантами Жибек Оралхан и Акботаы Таргыновой в течении 3-х дней проведен цикл лекций для всех сотрудников ТРЦ, где были затронуты темы истории пандемий и роль вакцин в сохранении здоровья и популяции людей на Земле; виды вакцин, их особенности, польза вакцинации, что такое коллективный иммунитет и какую роль он играет в нормализации эпидемиологической ситуации в

стране, о видах вакцин, что нужно знать о вакцине против COVID-19 и др.

Администрация ТРЦ «Мега Алматы» выделила место под прививочный пункт, оборудованное всем необходимым согласно санитарно-гигиенических требований. Непосредственно вакцинацию проводят сотрудники городской поликлиники №4 г. Алматы. На входе в прививочный пункт имеется аппарат выдачи талона на очередь. Затем на табло высвечивается номер по талону и человек приглашается для получения вакцины. Организована зона ожидания своей очереди на прививку с соблюдением



социальной дистанции; палатки вакцинации, где врач предварительно проводит полный физикальный осмотр, после чего при отсутствии противопоказаний проводится непосредственно вакцинация. На месте параллельно работают координаторы из числа сотрудников ТРЦ, а также профессорско-преподавательский состав кафедры Политики и организации здравоохранения КазНУ имени Аль-Фараби, магис-

транты и докторанты кафедры. Кроме того, в пункте установлен интеллектуальный робот, способный ответить на интересующие вопросы.

В данном прививочном пункте на выбор предлагаются два препарата: Спутник-V Российского производства или Nauat-Vax Китайского производства, разливаемый в ОАЭ. Работа проводится согласно утвержденного графика в ТРЦ «Мега

Алматы» ежедневно в три смены. Прививочный пункт работает с 9.00 до 20.00 без выходных и перерывов на обед.

Волонтерами от кафедры политики и организации здравоохранения факультета медицины и здравоохранения КазНУ имени Аль-Фараби, проводится разъяснительная работа с населением по фармакологическим свойствам вакцин, о видах вакцин, о необходимости коллективного иммунитета, а также они отвечают на вопросы, которые интересуют не только тех, кто пришел на вакцинацию, но и посетителей ТРЦ. Параллельно проводится анонимное анкетирование об осведомленности населения о вакцинации.

К.БАЙГОНОВА,
ст. преподаватель кафедры
политики
и организации
здравоохранения

М.ГАБДУЛЛИНА,
докторант 1 курса
по специальности
«Медицина»

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Қайыржан ТӨРЕЖАН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ,
Кәмила ДҮЙСЕН, Алмабек ИБРАЙЫМОВ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында
теріліп, беттелді. «Қазақ университеті»
баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

ЖУРНАЛИСТЕР ЖАРЫСЫ

Калининградта ТМД елдерінің журналист студенттері қатысуымен «Журналистика факультетінің шайқасы» атты халықаралық жарыс аяқталды.

Байқауға Ресей, Қазақстан мен Белоруссиядан 30-дан астам жоғары оқу орындары қатысты. Шараның сырттай кезеңі қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің командасы ЕАЭО-ның ең үздік бес университетіне кіріп, 19-23 сәуір аралығында Калининградта Балтық федералды университетінде өткен байқаудың мәресіне қатысу құқығын жеңіп алды. Бір қызығы, біздің сапарымыз университеттің 75 жылдығымен сәйкес келді.

Күрделі әрі қызықты тапсырмалар, басқа қалаға іссапар, білікті спикерлерді іздеу, бейнежазбалар түсіру

және монтаждау, 24 онлайн режимінде мәтіндер жазу – осының бәрін ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің студенттері үлкен жауапкершілікпен атқарды. Журналистердің осындай танымдық байқауларда ерекше қасиеттері мен қабілеттері ашылады. ҚазҰУ журналистика факультеті командасының капитаны Мария Матрунина, Асель Аукешева, Диляра Яхьярова және Анастасия Кшнякина барлық шеберліктерін ерекше ынтамен көрсетті. Біздің студенттер талантты, талапты, ақылды. Олар нағыз журналистер!

Өз тілшімізден

ДАНТЕ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Жуырда ұлы итальян ақыны, әдеби итальян тілінің негізін қалаушылардың бірі Данте Алигьери арналған «Еуразиядағы Данте зерттеулері мен Италия әдебиеті» тақырыбында халықаралық симпозиум өтті. Іс-шараны Италияның Қазақстандағы елшілігі ұйымдастырды.

Іс-шараға әлем елдерінен итальяндық мәдениетке қатысты сарапшылар мен ғалымдар қатысты. Шақырылған сарапшылардың қатарында Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының меңгерушісі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Романдық зерттеу орталығының директоры Ермек Чукубаев болды. Оның баяндамасы «Махаббат пен сенім Дантенің рухани-адамгершілік құндылықтары: қазіргі заманғы адам үшін сабақ» тақырыбында жалғасты.

Шарада сондай-ақ басқа да сарапшылар, профессор Сергей Логиш, доцент, филология ғылымының кандидаты, Белоруссия мемлекеттік университетінің итальянтану бойынша жетекші маманы «Данте жұмысының ХХІ ғасырдағы өзектілігі» баяндамасымен, профессор Елена Гинак, Белоруссия

мемлекеттік университетінің тілдер мен әдебиеттер аға оқытушысы (итальян және ағылшын) «Итальяндық ұлттық баяндаудағы Дантенің әдеби бейнесі» тақырыбында сөйлеген сөзімен, Майя Джавахидзе Тбилиси мемлекеттік университетінің роман-филология кафедрасы, «Божественная комедиядағы тозақ ұғымы» баяндамасымен, Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университетінің қызметкері, профессор Марко Паоли Леглер «Данте және Боттичелли: Божественная комедия бейнелері» тақырыбындағы баяндамасымен ерекшеленді.

Симпозиум іс-шараның бағдарламасына сәйкес жоғары деңгейде ақпараттық баяндамалармен және көңілді атмосферада өтті.

Халықаралық қатынастар факультеті



ҚОЖАКЕЕВ БИІКТІГІ

Журналистика факультетіндегі Е.Шаймерденов атындағы аудиторияда ІХ Қожакеев оқулары аясында «ТЕМІРБЕК ҚОЖАКЕЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ САТИРАЛЫҚ ЗАМАНСӨЗ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясы өтті. Кіріспе сөзді журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы ашып, беташар бата сөзді сатирик, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Көпен Әмірбекке ұсынды.

«Ақиқат жолындағы күрескер – профессор Т.Қожакеевтің қазақ журналистикасы тарихын зерттеудегі еңбегі» атты негізгі баяндаманы жасаған ф.ғ.к., Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Медиакоммуникация және Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры Аязби Бейсенқұлов өз сөзінде ғалым өміріндегі елеулі еңбектерін атай отырып, алдағы мерейтойында комиссия құрылып, ғалымдар назарына әлі де тың зерттеулер жасалу керектігіне ұсыныс жасады.

Конференция барысында шәкірттері ұстаз болмысын ашатын баяндама жасап, естеліктермен бөлісті. Мәселен, ф.ғ.к., Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Бекжігіт Сердәлі «Қожакеев қызметіне қатал, шәкіртіне мейірімді еді», Меркіауданы Меркіауылындағы №39 жалпы білім беретін Темірбек Қожакеев атындағы мектеп-гимназияның «Қожакеевтанушылар» әдеби-танымдық клубының жетекшісі Гүлзира Бегімбаева «Т.Қожакеев – тағылымы терең тәлімгер, ұлт мақтанышы», Жоғарғы сот төрағасының кеңесшісі, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Нұрлан Қалқа «Темірбек Қожакеев – ұлағатты ұстаз», Тараз қаласынан сатирик, Жамбыл радиосының жетекшісі Бақытжан Советұлы «Сатираның салмағы», «Көкше Медиа» ЖШС-не қарасты қалалық «Көкшетау» газетінің жауапты хатшысы Бәйішева Ғасқу «Қожакеев менің диплом жетекшім», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Гүлмира әшірбекова «Т.Қожакеев – баспасөз тарихын зерттеуші», Қазақстан жазушылар одағы Сатира кеңесінің төрағасы, «Аннұр сапа» баспасының директор – бас редакторы Ермахан Шайхыұлы «Абыз да аңыз адам», «Шалқар» радиосының директоры, философия ғылымының кандидаты Болатбек Төлепберген «Ұлағатты ұстаз, бекзат болмыс», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, ф.ғ.к., доцент Гүлнар Өзбекова «Туралықты ту еткен» тақырыбында баяндама жасап, ұстаз еңбегіне жан-жақты баға берілді.

Конференция соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің 3-курс студенті Қуантай Жолдасбековтің «Темірбек Қожакеев туралы» видеоматериалы көрсетілді.

Т.Қожакеев оқуларына арналған байқау сарапшылары: ең үздік ғылыми жоба бойынша ақын, ҚР Ақпарат саласының үздігі Бекжан Әшірбаев; ең үздік публицистика бойынша Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Нұржан Қуантайұлы; ең үздік сатиралық туынды бойынша Қазақстан жазушылар одағы Сатира кеңесінің төрағасы, «Аннұр сапа» баспасының директор – бас редакторы Ермахан Шайхыұлы; ең үздік мультимедиялық жоба бойынша Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті Медиакоммуникация және Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, ф.ғ.к. Аязби Бейсенқұлов байқау нәтижесін жасады.

Байқау қорытындысы бойынша 1-орынға «Ең үздік ғылыми жоба» номинациясы



бойынша «Қазақ журналистикасындағы әйел публицистер: шығармашылық зертханасы, ұлттық мінез» тақырыбында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты Құралай Башанова; 2-орынға: 1. «Ең үздік мультимедиялық жоба» номинациясы бойынша «Темірбек Қожакеев туралы» https://youtu.be/s4i_p-mVZOM Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 3-курс студенті Қуантай Жолдасбеков; 2. «Ең үздік публицистика» номинациясы бойынша «Ғазымбек Бірімжанның публицистикасы» тақырыбында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің 1-курс магистранты, жас ғалым Данияр Ихсан; 3. «Ең үздік сатиралық туынды» номинациясы бойынша «Поздравляю, вы награждены автобусным лицемерием!» тақырыбында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 3-курс студенті Мария Матрунина иеленді. 3-орынға: «Ең үздік мультимедиялық жоба» номинациясы бойынша «Ұстаз. Ғалым. Қайраткер» жобасы. Темірбек Қожакеевтің өмірі мен шығармашылығына арналған сайт: <https://qojakeev.wixsite.com/website> Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс студенті Аянқызы Анель; «Ең үздік мультимедиялық жоба» номинациясы бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 1-курс студенті, «Жүрек үні» бағдарламасы ютубта жарияланды, сілтеме <https://youtu.be/XP--3PIC6hQ> Самидин Аружан; «Ең үздік публицистика» номинациясы бойынша «Коммуникативная проблема троллинга в дискурсе современных медиа Казахстана», Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің магистранты Қожабек Қарлығаш иеленді.

Кезінде академик Зейнолла Қабдолов біртуар тұлға, ғұлама ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор Т.Қожакеевке: «...Қысқасы, Темірбек деген – бір мық шеге! Дүниенің қаны қашқан, қаусаған, қаңыраған жерін қағып-қағып жіберіп, қалпына келтіру үшін осындай адамдардан шеге жасар ма еді?!» – деп тамаша баға берген еді. Артында сан мыңдаған шәкірті бар, өнегелі өмірге толы профессор Т.Қожакеевтің тұлғалық болмысы ешқашан ұмытылмақ емес.

Журналистика факультеті

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ БӨЛЕНГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ



Сексен жеті жылдық тарихы бар, Қазақстандағы жоғарғы мектептің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қалашығы Алматы қаласының оңтүстік бөлігінде, әл-Фараби даңғылы мен Тимирязев көшесінің аралығында орналасқан. Шығыс шекарасы Есентай өзенімен, батыс шекарасы Қазақстан Республикасының Бас ботаникалық бағымен шектеледі. Теңіз деңгейінен 990 метр биіктікте, тау етегінде орналасқан, территориясының ауданы 71 га.

Тау етегінде орналасуына байланысты жазы салқындау, қысы жұмсақ, яғни табиғатының өзі бастан-ақ тіршілік үшін жайлы, адамның өмір сүруі үшін қолайлы жер. Қала шеңберінде орналасуына қарамастан автокөліктің гүрілі жете бермейді, ауасы да біршама таза. Іргелес орналасқан Бас ботаникалық бақ, Есентай өзенінің бойындағы жағажай, әл-Фараби даңғылының бойымен өскен ағаштар - барлығы қосылып жағымды микроклимат қалыптастырады. Бұрындары бұл жерде алма бақтары болатын. Кейін қала шекарасының кеңеюіне байланысты алма бақтары жойылды. 1960-шы жылдары университет ректоры болған профессор Асқар Закарин осы территорияны университет қалашығы болуға лайық деп таңдаған екен. Университеттің бас ғимаратының іргетасы 1971 жылы, университет басшылығына Ө.А.Жолдасбеков келген кезде қаланды да, белсенді құрылыс жұмыстары 1975 жылы басталды. Содан бері университет басшылығына келген әр ректор университет қалашығы аумағын көркейтуге өз үлесін қосып келеді.

Жоғарыда айтып өткендей, бұрындары бұл жерде жеміс бағы болатын. Сол кезден сақталып қалған бірен-саран алма, алмұрт ағаштары кездеседі. Олар қазіргі кезде өсіріліп жүрген сорттардай емес, ірі ағаштар: бойы 4-5 метрге жетеді, діңі - қушақтасаң қушағың толады. Әрине, соншалық жеміс беріп тұр деуге келмейді, сонда да болса өткен жылдардың бір күәсі іспеттес. Бұрыннан қалған алып теректер де бар, діңінің жуандығы бір адамның құлашына сыймайды, биіктігі - ұшына қарасаң бөріңіз жерге түседі. Университет қалашығының аумағында жылдан-жылға жаңа ғимараттар қосылып келеді. Соңғы жылдары 2 миллион томнан аса қоры бар әл-Фараби кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, «Жас ғалымдар үйі», олимпиада чемпионы А.Баландин атындағы жүзу бассейні, «Аквапоника» кешені іске қосылды. Әрине, солардың барлығы университет аумағының келбетін айтарлықтай өзгертіп жіберді, әсіресе бұрыннан қалған

ірі ағаштардың бірқатары оталып кетті. Бірақ «бір ағаш шапсаң - үш ағаш отырғыз» дейтін нақыл сөз бар, оталған ағаштардың орнына жас көшеттер егілді. Сондықтан, тірі табиғат айтарлықтай зиян шеге қойған жоқ. Биолог болғансоң табиғатқа біршама жақынбыз ғой, университет қалашығында қандай ағаштар мен бұталардың түрлері өседі екен? - деген қызығушылық болып, солардың тізімін жасап көрдім. Қалада жабайы күйде де өсе беретін қарағаштар мен теректерге онша назар аудармаушы едім, сөйтсем сол қарағаштың үш түрі, теректердің 5 түрі, үйеңкінің 4 түрі, соның ішінде, кезінде арнап егілген болса керек, Канада үйеңкісі өскен бүтін бір аллея бар екен. Қайыңның 2, талдың 2 түрін кездестірдім. Әлі де «жас» саналатын 45-50 жастағы емендер аллеясы бар екен, олардың 500-600 жыл жасайтыны белгілі, бұйырса немерелеріміздің немерелері сол емендердің көлеңкесінде кітап оқып отыра деймін. Қылқанды ағаштардың да түрлері баршылық: аршаның 4, қарағайдың 2, шыршаның 3 түрі бар. Осы ағаштар қалашық аумағының адам үшін жайлы микроклиматын қалыптастырады. Қазір көктем, сол ағаштар мен бұталар гүлдей бастады. Олардың әдемі көркінен ғана емес, хош иісінен де ләззат аласыз. Көктемде алғашқы болып өрік, тобылғы мен сирень гүлдейді, іле-шала алма мен алмұрт, оларға ілесе мойыл мен долана, ең соңында жөке ағаштары гүлдейді. Сөйтіп гүлдеп тұрған ағаштарды мамырдың аяғына шейін тамашалаймыз. Әсіресе мойыл мен жөке гүлдегенде солардың хош иісі талай жерге жайылып кетеді. Қылқанды ағаштардың да өзіндік артықшылықтары бар: қыста, өзге ағаштардың жапырағы төгіліп жалаңашталып қалған кезде, олар жап-жасыл болып ерекше көз тартады. Жазда да, ыстық күндері немесе жаңбырдан соң, шайыр иісі шығып, орман ішінде жүргендей әсер қалдырады. Әсіресе ректорат ғимаратының ішкі ауласында өсіп тұрған шыршалар күшті иіс шығарады және өздері де тіпті көскен, көркі көз тартады. Шыршалардың арасындағы орындықта отырып дем аласаңыз қаланың у-шуы естілмейді, тек құстардың шырылы ғана жетеді.

Қала ішінде орналасқанына қарамастан жануарлар әлемі де, әсіресе құстар жағы, баршылық. Қала ішінде кездесетін қора-қора көгершіндерді, шықылдақтан ұзын құйрық сауысқанды, сарыжағал үнді торғайын емес, өзге құстарды аймын. Қазір, көктем кезінде, әл-Фараби даңғылына жақын орналасқан студенттер жатақханаларының маңына таман барсаңыз қырғауылдың қоразының шақырған даусын естіп қаласыз, сәті түссе биіктеу жерге шығып алып жан-жағына пандана қарап тұрып анда-санда даусын шығарып қоятын, қызыл-жасыл қауырсыны күнге шағылысқан қораздың өзін де көріп қалуыңыз мүмкін. Ақпанның өзінде, күн ұзара бастаған кезден-ақ, әнге басқан сарыбауыр шымшықтың күміс қоңырауша сыңғырлаған дауысы қалашықтың қай жерінде жүрсенізде естіліп тұрады. Шүйкедей ғана кішкене құстың осындай күшті дыбыс шығаратынына таң қаламын. Жазға таман мысықторғай ұшып келеді. Шындығында да дауысы мысықтың мәуілдегеніне ұқсайды, құлаққа соншалық жағымды естіледі деп айта алмаймы, бірақ әркім «өзінше әнші» ғой! Бұрынғы жылдары бұлбұл ұя салушы еді,



былтырғы жазда ұя салғанын немесе балапандарына жем беріп жүргенін көре алмадым, бірақ көршілес ботаникалық бақта бар екен, бұлбұл үні сол жақтан естіліп жүрді. Қазақстандағы көгершін туыстардың ішіндегі ең ірісі орман дыркептерін айтпай кетуге болмас: дене тұрқы үйреншікті қала көгершіндерінен екі еседей ірі, қанаттарының артқы жағында бірнеше ақшыл қауырсыны бар әдемі, аңғалдау құс. Кейде адамның жақын келіп қалғанын байқамай қалады да кенеттен, 3 - 4 қадам қалғанда, қанаттары сатыр-сұтыр етіп ұша жөнелгенде селк еткізеді. Адамнан онша қорықпайды, қораздары биіктеу ағашқа қонып алып зікір шақырғанда шынында да орманда жүргендей сезінесіз. Жаз айларында ректорат ғимаратының маңында ауадан жәндік аулап жүрген қала қарлығаштарын көруге болады. Ұясын ғимараттың қалқалау жерлеріне салып, жыл сайын балапандарын өсіріп шығарады. Көпшілікке үйреншікті қыстау қарлығаштарына қарағанда кішірек, арқасында сарғыш дағы бар әдемі құс. Әуеде емін-еркін ұшып, асыр салып ойнап жүргендей көрінеді. Ойын емес қой әрине, ауада ұшып жүрген ұсақ жәндіктерді аулайды. Бірақ олардың не ұстап жеп жүргенін көре алмаймыз да, тек ауадағы шебер «акробатикасын» тамашалаймыз. Жыртқыш құстар да бар. Қыста, ауа райы қатты суытқан күндері ректорат ғимаратының оңтүстік күншуақ қабырғасына лашындар қонып, түнеп жүреді. Осыдан 7-8 жылдай бұрын, қыс аязды болып, лашындардың бір жұбы қыс бойы қонақтап жүрді. Біз қолымызға дүрбі алып табиғатта сирек кездесетін, Қазақстанның Қызыл кітабына кірген ірі жыртқыш құсты бір-бірімізге, студенттерге көрсетіп жүрдік. Биыл қыс жылы болды ма, әлде басқа бір себеп болды ма лашындар көрінбеді. Тағы да сол ректорат ғимаратының маңындағы биік қарағайлардың біріне жыл сайын күйкентайлар ұя салып, балапандарын ұшырып жүр. Ұясына жақын келген сауысқандарды қуалап шаңқылдаған дауыстары жақсы естіледі. Бұрнағы жылы жазда тағы бір қызық уақиғаның куәсі болдық: ботаникалық бақта ұя салған барылдауық үйрек төрт балапанын ертіп Аквапоникадағы хауызға келіпті. Балапандары қанаттанғанша сонда жүзір, қоректеніп жүрді. Студенттер қызық көріп нан беріп жүрді. Әйтеуір, абырой болғанда ит не мысық жеп қоймай аман-есен қанаттанып кетті.

Қалашық негізінде студенттердікі

ғой, сондықтан әрине, бірінші кезекте солар үшін жайлы болуы тиіс. Осы жағын біраз айта кетейік. Университет аумағында жүргенде өзіңізді қаланың кейбір аудандарындағыдай тас қапастың ішінде жүргендей сезінбейсіз. Керісінше, оқу корпустарының, өзге де ғимараттардың арасында ашық кеңістіктер жеткілікті. Сондықтан қалашықтың көрікті жерлерін де, төңіректегі табиғатты да тамашалай аласыз. Шығыс жаққа көз тастасаңыз Талғардың шыңын көресіз, одан оңтүстікке таман бұрыласаңыз Шымбұлақ шатқалы мен соның төрінде орналасқан Найзақара шыңын көресіз, одан да оңға таман Көкжайлау мен Үлкен Алматы шатқалы көрінеді. Батысқа қарай ойысқан сайын таулар біртіндеп аласара береді, дегенмен сол шоқылардың басында да жазда күнге шағылысып қар мен мұз жатады. Жылдың қай мезгілінде болмасын, ауа райы қандай болмасын таулардың көркін тамашалау бір ғанибет.

Әлемдегі қалыптасқан дәстүр бойынша университет қандай жерде орналасқанына қарамастан ерекше университет қалашықтары - кампустар құрылады. Олардың қаланың басқа аудандарына ұқсамайтын ерекше келбеті болады. Біздің университет те сондай кампус қалыптастыру жолында және сол бағытта қырыуар жұмыс жасалды: Тимирязев көшесі жағынан Салтанатты арка көтерілді. Университет территориясына алғаш аяқ басқан әр адам өзінің ерекше бір аймаққа келгенін бірден сезінеді. Арқаға қарама-қарсы тұрып оңтүстікке көз салсаңыз әйгілі ғалым Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыздың мүсінін көресіз. Сол қол жағыңызда университет қалашығының іргетасын қалауға орасан зор еңбек сіңірген академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековке қойылған ескерткішті және Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайын, оң қол жағыңызда 15 қабатты зәулім ғимарат - Университет ректоратын көресіз. Екі ғимараттың ортасындағы алаңда жаз айларында фонтандар атқылап тұрады. Қыста, фонтандар өшірілген кезде, орталық алаңға Жаңа жыл қарсаңына безендірілген шырша орнайды. Онан әрі қарай университет қалашығын қақ бөліп тұрған орталық аллеяның бойында оқу корпустары және Әл-Фараби кітапханасы орналасқан. Аллея жоғарғы алаңға келіп тіреледі. Бұл жерде тағы бір фонтан, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы және тамақтандыру

комбинаты орналасқан. Аллеяны жағалай «жасыл шарбақ» бұталары мен жас шыршалар сап түзеп тұр. Жаз айларында аллеяда өсіп тұрған 20 мың түп раушан гүлдері көз тартады. Барлығы тартымды, ойланып жасалған. Университет территориясын асықпай араласаңыз басқа бөліктерінің де мұқият жоспарланғанын байқайсыз. Мысалы, әр ғимараттың алдында гүлзарлар бар. Онда өсетін гүлдер көктемнен күзге шейін бірнеше рет алмастырылып қайта егіледі. Дәл қазір көктемнің гүлі - жауқазындардың бірнеше сорты гүлдеп тұр. Олардың пиязшықтары күзде, қар жауар алдында отырғызылып қойған. Ағаштардың арасындағы жасыл алаңдар - газондар да көп күтімді қажет етеді: олар оқтын-оқтын суарылып, шөбі орылып тұрады. Бұрнағы жылы қала атына сәйкес болсын деп 1 гектардай жерге алма ағашы отырғызылған болатын, биыл солар гүлдеп тұр. Бұрындары ректорат ғимаратының батыс жағында жағалауы қоқыстан арылмайын Терісқұлақ атты бұлақ ағушы еді. Қазір бұлақ суы бетондалған арнаға бұрылып, орнына екі хауызы, фонтаны бар «Аквапоника» кешені орналасты. Жағалауына ағаш, декоративтік бұталар егіліп, шамдар, орындықтар орнатылып, жастар ұнататын демалыс орнына айналды.

Өзім уақытым бола қалған кездерде университет қалашығының түрлі түкпірлерін аралағанды ұнатамын. Сонда тынығып, сергіп қаламын. Коронавирус пандемиясы басталғалы бері сабақтардың басым көпшілігі онлайн режимде өтіп жатыр ғой, студенттер де, ұстаздар да университет қалашығына сирек келетін болды. Балауса көкшөп бой көтеріп, ағаштар мен бұталардың жапырағы жайқалып жапай гүлдеп тұрған көктем кезінде қызылды-жасылды киінген, әрілі-берілі топ-топ болып өтіп жататын жастардың, солардың жарқын дауысы мен күлкісінің жетіспей ұрғаны анық байқалады. Оларсыз қалашық аумағы да, оқу ғимараттарының іші де біртүрлі қоңылтақсып қалғандай көрінеді. Бұйырса бұл індеттен де құтылармыз, сонда университет қалашығы бұрынғыдай жастарға толып, көз қуанып, көңіліміз серпілер деген үмітпен жүрміз!

Қаршыға КӨШКІМБАЕВ,
Биофизика, биомедицина және нейробиология кафедрасының доценті

ҒЫЛЫМ-БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒА

Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов 1951 жылы 30 мамырда дүниеге келген. Бала кезден алғырлығымен көзге түсіп, ғылым жолын таңдаған кешегі студент, бүгінгі академик, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессорына – 70 жас. Ғалымның мерейлі жасына орай, 2021 жылдың 5 маусымында «Қазіргі әлемдегі білім мен тәрбие берудің көкжиектері» тақырыбында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді.

Конференцияға алыс-жақын мемлекеттерден көптеген ғалымдар қатысады деген үміттеміз. Ғалым техникалық білімін педагогикалық біліммен жалғастырып, педагогика, ғылым-білім саласында инженер болып келеді, яғни білім, ғылым саласындағы өзекті мәселеге өзіндік үлес қосуда. Асқарбек Қабыкенұлы Германия елінің доктор-инженері, педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының, Ресей педагогикалық академиясының, Ресей педагогикалық білім беру ғылымдары Халықаралық академиясының академигі. 1973 жылы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетін аяқтаған соң, осы институттың зертханасына жұмысқа қалдырылған ол 1975 жылы Алматы энергетика институтының аспирантурасына оқуға түсіп, 1976-79 жылдары

Германия Демократиялық Республикасының Ильменау жоғары техникалық мектебінің аспирантурасында білімін жалғастырып, 1979 жылы «Шлирен аппаратымен электр доғасын зерттеу» тақырыбында неміс тілінде кандидаттық диссертация қорғады, нәтижесінде доктор-инженер академиялық дәрежесіне ие болды. Ол өз зерттеулерін отандық және шетелдік тәжірибелерге сүйеніп жүзеге асырды, айталық, салыстырмалы педагогика бойынша алғашқы болып «Герман Федеративтік Республикасы және Қазақстан Республикасында білім берудің дамуы» (салыстырмалы-педагогикалық сипаттама) тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Зерттеу жұмысы өзінің көпжылдық еңбегінің нәтижесі және ол шаң басып жатқан зерттеулерден аулақ, үлкен сұранысқа ие қомақты зерттеу болып табылады. Оның кез келген еңбегі мазмұнды, қажетті сұранысқа ие. Ал білім сапасы оның қазіргі кезде кенже баласы сияқты сүйікті ісіне, өміріне айналды. Бүгінде білім сапасын жетілдіруге байланысты пилоттық жоба жүргізіп, қомақты нәтижеге ие болды. Мұндағы ерекше айтып өтетін нәрсе «ақылдасу сабағы», өзінің аты айтып тұрғандай, бұл бір пән мұғалімдері бірлесе ақылдаса отырып сабақ жүргізеді, бір-бірін сынамайды, жағымсыз сөз айтпайды, бір-бірінен үйренеді. Осы жобаға



байланысты конференция ұйымдастырылды. Ғалымдар мен мұғалімдер мақала жазып, жинақ ретінде жарық көрді. Қазіргі кезде аталған мәселе төңірегінде қомақты еңбектері де жарық көруде, мысалы: «Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы», «Орта білім беру жүйесіндегі дағдарыс: шығу жолдары» т.б. Академик әр күрделі жүйе сияқты білім беру жүйесінің де көптеген жүйе құрауыштары бар, білім сапасын көтеру үшін осы жүйе құрауыштарды анықтап, солар-дың сапасын үйлесімді түрде көтеру керек, сонда ғана білімде сапа болады деген ойын білдіреді. Білім сапасын көтеру үшін алдымен білім беру жүйесі жақсы дамыған елдерді анықтап, олар қандай ұстанымдарды негізге алғандарын білу керек; екіншіден, әлем елдерінің білім беру жүйелерін зерттеген ғылыми-тәжірибелік еңбектерді

мұқият талдап, білім беру жүйесін құраушыларды анықтау керек; үшін-шіден, осы құрауыштар негізінде елімізде атқарылған жұмыстарды зерделеп, қажетті қорытындылар жасау қажет екенін де айтып өтеді. Ғалым, педагог, академик Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы кезіндегі Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев сияқты халқының болашағы ғылым, білімде екенін түсініп, болашақ ұрпақты оқытатын, білім нәрімен сусындататын, тәрбиелейтін мұғалім кадрлар деп, оларды даярлау үдерісіне атсалысып келеді. А.Қ.Құсайынов бүтінгінің Ыбырайы, Мағжаны іспеттес. Университетте магистранттар мен докторанттарға сабақ беріп, жетекшілік жасауда, ғалымнан білім алған шәкірт көпшілік жағдайда ғылым жолын таңдайды. Ғалым, зерттеушілерге сұранысқа

ие, бүгінгі және болашақта көтерілетін мәселелер төңірегінде тақырыптар ұсынады. Былтыр бір шәкірті Шаталовтың тірік сызбаларын қолдану бойынша магистрлік диссертация қорғады, комиссия ерекше атап өтуді және жұмысты монография ретінде шығаруды ұсынды.

Асқарбек Қабыкенұлы - қоғам қайраткері, педагог-ғалым, ел жанашыры ретінде үлкен трибуналарда бүтінгі күннің өзекті мәселелерін көтеріп жүрген ғалымдардың бірегейі. Ол қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосуда, көптеген ғалымдарды, педагогтарды, танымал тұлғаларды қалыптастыруда. Біз мұндай адамның біздің қатарда еңбек етіп жүргенін мақтан етеміз және ол сол құрметке лайықты. Құрметті Асқарбек Қабыкенұлы! Саналы ғұмырыңызды білім беру саласына арнап, талай шәкірттің өміріне жолдама бердіңіз. Университетте еңбек еткен жылдарыңызда өзіңізді жоғары кәсіби шеберлігіңізбен, біліктілігіңізбен, өз мамандығына берілген педагог, ұлағатты ұстаз ретінде таныта білдіңіз. Кафедра сізді бүтінгі мерейлі 70 жылдығыңызбен құттықтай отырып, денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз ұзақ, көрер қуанышыңыз мол болсын деп тілек білдіреді.

Н.ӘЛҚОЖАЕВА,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде «Аймақтану» мамандығы бойынша XIII Республикалық пәндік олимпиада өтті.

Олимпиаданың тақырыбы біздің заманымыздың өзекті мәселелерінің бірі – пандемия жағдайындағы халықаралық қатынастар мен дипломатия мәселелеріне арналды. Осы жылы олимпиадаға еліміздің бес университетінен 12 команда қатысты. Командалар арасындағы сайыс үш тапсырмадан құралды. Біріншісі- командаларды таныстыруға байланысты бейнеролик, екіншісі - «Пандемия жағдайындағы Орталық Азия елдерінің даму перспективасы» атты ғылыми жоба, үшіншісі - команда капитандары арасында «Kahoot» платформасындағы онлайн-викторина. Олимпиада қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Бірінші дәрежелі дипломымен

ҚазҰУ-дың қазақ бөлімі (Айдана Тоқберген, Жансая Әбдінағи, Әділнұрым Жұмақанов), жетекші: доц. Б.З.Бюжеева, ҚазҰУ-дың ағылшын бөлімі (Эльвира Юсупова, Аружан Мусаева, Дана Исаева), жетекші: аға оқыт. А.Н.Бакирланова, Тұран университетінің орыс бөлімі (Кристина Максудова, Мария Тюлюкина, Асия Жансеркеева), жетекші: доц. А.Е.Аргимбаев марапатталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Екінші дәрежелі дипломдарымен келесі топтар марапатталады: Тұран университетінің қазақ тобы (Назерке Нурадилова, Арайлым Нұрлыбаева, Назым Жұман), жетекшісі А.Б.Тайженбетова, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-дың қазақ бөлімі (Азиз Закиряров,



Камила Сейдазимова, Әсел Тұрғынова) жетекшісі А.Н.Шұқыжанова, Алматы менеджмент университетінің орыс бөлімі (Пейсова Жания, Парпиев Әділет, Гүржиева Татьяна), жетекшісі доц. В.Осколков, Гумилев атындағы ЕҰУ-дың орыс бөлімі (Даяна Оспанова,

Айгерим Сакенова, Айдана Булекпаева) жетекшісі Ж.Е.Нурбаев, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың ағылшын бөлімі (Диана Касымова, Диана Матовара, Малика Касымхан) жетекшісі М.Болысбекова.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үшінші дәрежелі дипломдарымен келесі топтар марапатталады: Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ бөлімі (Мирас Абду, Гүлмира Ольчикенова, Оразбибі Асан), жетекшісі Қ.Даркенов, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-дың орыс бөлімі (Далия Абылайхан, Гульзада Мустафина, Аружан Нұртілеу), Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-дың

ағылшын бөлімі (Асель Шаикова, Әсел Кенжеболат, Диана Бисеғалиева), жетекшісі А.Шұқыжанова; ҚазҰУ-дың орыс бөлімі (Алуа Жумабекова, Асима Даниярова, Томирис Зейноллина), жетекшісі Ж.И.Байзакова командалары марапатталды.

Комиссия мүшелерінің пікірінше, студенттер өздерінің кәсіби және жеке әлеуеттерін, шығармашылық қабілеттерін, өзіндік ерекшеліктерін, талдау, логикалық ойлау және өз көзқарасын дәлелдеу қабілеттерін көрсетті.

Халықаралық қатынастар факультеті

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА МӘРЕГЕ ЖЕТТІ